

Қазақстан Республикасының халқына нефрологиялық көмек көрсетуді үйымдастыру стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 765 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылды 13 ақпанда № 9144 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № ҚР ДСМ-114 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.10.2022 № ҚР ДСМ-114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1117 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 16) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМАЫН**:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының халқына нефрологиялық көмек көрсетуді үйымдастыру стандарты" бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті үйымдастыру департаменті (А.Ф. Төлеғалиева):
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.Е. Асайынова) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжұнисовке жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Қайырбекова

Қазақстан Республикасының халқына нефрологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру Стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының халқына нефрологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1117 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 16-тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Стандарт нефрологиялық науқастарға, оның ішінде балаларға, терминалды бүйрек функциясының созылмалы жетіспеушілігі бар науқастарға алмастыруши бүйрек терапиясын қоса алғанда амбулаториялық-емханалық, стационарлық, стационарды алмастыру деңгейінде медициналық көмек көрсету тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

3. Нефрологиялық төсектермен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 15 ақпандағы № 86 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқына нефрологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ереженің (бұдан әрі - Ереже) талаптарына сәйкес көзделеді (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 15 наурызда № 7461 болып тіркелген).

4. Халыққа нефрологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың штаттары "Денсаулық сақтау ұйымдарының ұлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығымен (бұдан әрі – № 238 бұйрық) бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының ұлгі штаттары мен штат нормативтеріне сәйкес белгіленеді (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6173 болып тіркелген).

5. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

- 1) АИТВ – адамның иммун тапшылығының вирусы;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарына көрсетілетін медициналық қызметтердің тізбесі бойынша бірынғай медициналық көмектің көлемі;
- 3) динамикалық бақылау – халық денсаулығының жағдайын жүйелі бақылау, сондай-ақ осы бақылау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету ;

- 4) донор – реципиентке трансплантау үшін донорлық қан, оның компоненттері, өзгеде донорлық материал (соның ішінде шәуеттер, жыныстық

жасушалар, ұрық жасуша) жинау, сондай-ақ тіндер және (немесе) ағзалар (ағзалардың бөліктері) алу жүргізілетін адам, адамның мәйіті, жануар;

5) медициналық көмектің сапасы – көрсетілетін медициналық көмектің уәкілетті орган бекіткен және медициналық ғылым мен технологияның дамуының қазіргі заманғы деңгейі негізінде белгіленген стандарттарға сәйкестігінің дәрежесі;

6) клиникалық зерттеу – ауруды профилактикалау, диагностикалау және емдеу құралдарының, әдістерінің және технологияларының қауіпсіздігін және тиімділігін айқындау немесе растау үшін жүргізілетін субъект ретінде адамның қатысуымен жүргізілетін зерттеу;

7) медициналық оқалту – науқастар мен мүгедектердің организміндегі бұзылған және (немесе) жойылған функцияларды сақтауға, ішінара немесе біртіндеп қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтердің кешені;

8) деңсаулық сақтау саласындағы медициналық сараптама (бұдан әрі – деңсаулық сақтау саласындағы сараптама) – деңсаулық сақтау қызметінің әр түрлі салаларында құралдардың, технологиялардың, қызметтердің деңгейі мен сапасын анықтауға бағытталған ұйымдастыруыштық, талдау және практикалық іс-шаралар жиынтығы;

9) деңсаулық сақтау ұйымы – деңсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын занды тұлға;

10) емдеуге жатқызу бюросының порталы (бұдан әрі – Портал) – пациенттерді ТМКҚК шеңберінде стационарға емдеуге жатқызу жіберуді электрондық тіркеудің, есепке алушың, өндеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

11) профилактика – аурулардың пайда болуының, аурулардың ерте кезеңдерде дамуының алдын алуға және дамыған асқынуларды, ағзалар мен тіндердің зақымдануын бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешені;

12) бейінді маман – белгілі бір мамандығы бойынша сертификаты, жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері;

13) реципиент – донорлық қанды немесе одан бөлінген компоненттерді және (немесе) препараттарды құюды, ердің немесе әйелдің донорлық материалын (сперма немесе яцеклетки) не донордан алынған тіндерді және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) трансплантау жүргізілетін пациент;

14) трансплантация – организмінің басқа жеріне немесе басқа организимге тіндерді және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) ауыстырып салу, бітіп кетуі;

15) алмастыруши бүйрек терапиясын – бүйрек жетіспеушілігіне және басқа себептерге байланысты адам денесінде жиналған уытты заттар мен артық сүйкіткіштердің жою мақсатында қолданылатын әдістер жиынтығы;

16) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (уәкілетті орган) – азаматтардың денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы, медициналық қызметтердің сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Қазақстан Республикасының халқына нефрологиялық көмек көрсететін ұйымдар қызметінің негізгі бағыттары мен құрылымы

6. Нефрологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар (бұдан әрі – МҰ) профилактикаға, ерте диагностикаға, емдеуге, өлімді, мүгедектікті бөлуге, медициналық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабактастықты сақтай отырып бүйрек потологиясы бар пациенттердің, оның ішінде балалардың өмір сүру ұзақтығын ұлғайтуға және сапасын жақсартуға бағытталған іс-шараларды қамтамасыз етеді.

7. МҰ құрылымында оларға жүктелген функцияларға байланысты Ережеге сәйкес мынадай бөлімшелер ұйымдастырылады:

1) емханаларда (аудандық, қалалық, облыстық) нефрологиялық кабинеттер (аудандық, қалалық, облыстық), консультациялық-диагностикалық орталықтар, көп бейінді стационарлардың консультациялық-диагностикалық бөлімшелері;

2) республикалық клиникалар мен облыстық, қалалық көп бейінді стационарлардың нефрологиялық бөлімшелері;

3) аудандық, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттарының жанындағы амбулаториялық диализ бөлімшесі (орталық);

4) республикалық клиниканың балалар диализі бөлімшесі (орталығы).

МҰ мақсаттары, міндеттері, функциялары және ұйымдастыруышылық негіздері Ережемен айқындалған.

8. Нефрологиялық науқастарға, оның ішінде диализben терапия жүргізу қажет балаларға стационарлық мамандандырылған көмек көрсету қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттарының жанындағы стационарлық диализ бөлімшесінде (орталығы) жүзеге асырылады.

9. Нефрологиялық бейінді, оның ішінде АБТ алатын науқастарды медициналық оналту қалалық (облыстық) көп бейінді стационардың

құрамындағы нефрологиялық науқастарға арналған медициналық оңалту бөлімшелерінде жүзеге асырылады.

10. Нефрологиялық (қалалық, облыстық) орталық (бұдан әрі – нефрологиялық орталық) нефрологиялық бөлімше (терапиялық бөлімше құрамында нефрологиялық стационарлық төсек) және ДБ/ДО (немесе реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінің жанынан кем дегенде екі диализ аппараты болған кезде (қалалық (облыстық) көп бейінді стационарлың құрылымдық бөлімшесі ретінде құрылады. Нефрологиялық орталық құрамына: нефрологиялық кабинет, балалар диализі бөлімшесі (орталық), нефрологиялық науқастарға арналған күндізгі стационар төсектері, медициналық оңалту бөлімшесі қосымша кіреді. Нефрологиялық (қалалық, облыстық) орталықтың қызметі осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес регламенттеледі.

11. АБТ көрсетуді ұйымдастыру саласындағы үйлестіруші буын іріктеуші комиссия (бұдан әрі-Комиссия) болып табылады. Комиссия қаланың (облыстың) денсаулық сақтау басқармасының жанынан ұйымдастырылады.

12. Комиссия құрамына: қаланың (облыстың) денсаулық сақтау басқармаларының өкілі, денсаулық сақтау басқармасының (қаланың, облыстың, респубилканың) штаттан тыс бас нефрологы (бұдан әрі – Бас нефролог), бар болса денсаулық сақтау басқармасының (қаланың, облыстың, респубилканың) диализ жөніндегі штаттан тыс бас маманы (бұдан әрі – Бас маман), ДБ/ДО, Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеттінің аумақтық департаменттерінің (бұдан әрі – МФҚБК АД), Медициналық қызметке ақы төлеу комитеттің аумақтық департаменттерінің (бұдан әрі – МҚАК АД) өкілдері, пациенттің бекітілген орны бойынша емхананың участекелік дәрігері (бас дәрігердің орынбасары) және басқа да мамандар (трансплантолог, эндокринолог, кардиолог) кіруі тиіс. Комиссия отырысының кезеңділігі – айна 1 реттен жиі емес.

13. Комиссия міндетіне мыналар кіреді:

1) ТСБЖ бар науқастардың жоспарлы АБТ айғақтарын және қарсы айғақтарын айқындау және науқастарды осы Стандартта белгіленген критерийлерге сәйкес бағдарламалық гемодиализге (бұдан әрі – ГД) және тұрақты перитонеалды диализге (бұдан әрі – ПД), бүйрек трансплантациясына іріктеу;

2) ДБ/ДО дәрігерлерінің ТБСЖ бар науқастарға шұғыл түрде осы Стандартың 38-тармағының 1-6) тармақшаларында көрсетілген критерийлерге сәйкес, АБТ-ға қайта алынғандар туралы хабарлама (бұдан әрі – Хабарлама) талдауы негізінде АБТ бастауға арналған критерийлерді сақтауын бақылау;

3) ДБ/ДО жұмысында айқындалған бұзушылықтар туралы ақпаратты МФҚБК АД-ға, МҚАК АД-ға беру;

4) даулы жағдайларда бүйрек функциясының жіті жетіспеушілігі (бұдан әрі – БЖЖ) және БСЖ бар науқастарға АБТ бастау және аяқтау, ТБСЖ бар науқастарға АБТ бастау және түрі, АБТ бір түрінен келесі түрге ауыстыру, бүйрек трансплантациясына жіберу, АБТ жеке бағдарламасын түзету туралы шешім қабылдайды;

14. Пациенттің тұрғылықты жері бойынша нефрологқа қорытынды беріледі, ол Комиссия отырысының хаттамасына тіркеледі. Құжаттар Комиссияға алдын ала Бас нефрологқа әрбір құнтізбелік айдың соңына дейін электрондық және қағаз нұсқаларда жіберіледі.

15. Комиссия шешімін комиссия құрамы үш адамнан кем болмаған жағдайда заңды деп есептеледі, бұл ретте қаланың (облыстың) деңсаулық сақтау басқармасы өкілдерінің және Бас нефрологтың, Диализ жөніндегі бас маманның (бар болса) қатысуы міндетті. Құжаттарды қарау мерзімі – құжаттар электрондық пошта арқылы келіп түскен сәттен бастап құнтізбелік 10 күннен артық емес.

3. Қазақстан Республикасының халқына нефрологиялық көмек көрсетуді үйімдастыру

16. Нефрологиялық көмек нефрологиялық аурулары бар пациенттерге, оның ішінде балаларға "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандығы № 2136 қаулысымен белгіленген ТМКҚК шеңберінде көрсетіледі .

17. Нефрология саласындағы мамандардың функционалдық міндеттері осы Стандартқа 2-қосымшада регламенттелген.

18. Амбулаториялық–емханалық деңгейдегі мынадай нефрологиялық көмекті қамтиды:

1) пациенттің жай-күйін айқындау және диагнозды белгілеу мақсатында дәрігердің тексеріп-қарауы;

2) бүйрек ауруларын айқындау мақсатында азаматтарды зертханалық және аспаптық тексеріп-қару;

3) маманданыдырылған және жоғары маманданыдырылған медициналық көмекті ұсыну үшін іріктеу және МҰ-ға емдеуге жатқызу бюросы порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жіберу;

4) шүғыл айғақтар бойынша емдеуге жатқызуға жіберу;

5) нефрологиялық пациенттерді динамикалық бақылау;

6) нефрологиялық пациенттерді диспансерлеу;

7) нефрологиялық, оның ішінде диализдік терапия алатын және бүйрек трансплантациясынан кейін операцияны бастан өткерген пациенттерді медициналық оқалту.

19. Қаланың (облыстың) нефрологиялық қызметінің амбулаториялық-емханалық деңгейдегі басты құрылымдық бөлімшесі өз қызметін Ережеге сәйкес жүзеге асыратын қаланың (облыстың) нефрологиялық кабинеті болып табылады.

20. Стационарлық деңгейдегі нефрологиялық көмек мыналарды көздейді:

- 1) клиникалық хаттамаларға (бұдан әрі – КХ) сәйкес зертханалық және аспаптық зерттеп-қарау жүргізу;
- 2) КХ сәйкес емдеуді іріктеу мен тағайындауды емдеуші дәрігер бөлімше менгерушісімен бірге жүзеге асырады;
- 3) қажетті тағайындалған емді жүргізу;
- 4) дәрігердің күнделікті тексеріп-қарауы (егер басқа кезеңділік көдемесе), емді түзету;
- 5) келіп түскен кезде және аптасына кемінде бір рет бөлімше менгерушісінің тексеріп-қарауы;
- 6) мамандардың консультация жүргізуі;
- 7) пациентті құжаттарын ресімдей отырып және қолына сырқатнама үзіндісі мен еңбекке уақытша жарамсыздық парагын растайтын құжатты (қажет болған кезде) бере отырып шығару.

21. Пациенттерге мамандандырылған және жоғары мамандандырылған жоспарлы көмекті аумақтық, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан нефрология саласындағы медициналық қызметке мемлекеттік лицензиясы бар медициналық ұйымдар көрсетеді.

22. Шұғыл нефрологиялық көмекті терапия және/немесе нефрология саласындағы медициналық қызметке мемлекеттік лицензиясы бар медициналық ұйымдар көрсетеді.

23. Шұғыл айғақтар бойынша (оның ішінде бүйрек трансплантациясы операциясын бастан өткерген пациенттерге, сондай-ақ ауыр нефрологиялық патологиясы бар жүкті әйелдерге, босанатын әйелдерге) амбулаториялық көмек ұсыну тіркелу орнына қарамастан кезектен тыс, алдын ала жазылусыз дәрігердің қабылдауын көздейді.

24. Шұғыл айғақтар бойынша емдеуге жатқызу медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) мамандарының жолдамасы бойынша, жедел медициналық жәрдемнің жолдамасы бойынша, өзі жүгінген кезде және тұрғылықты жеріне және ТМККК шеңберінде бекітілген жеріне қарамастан пациенттің кез келген басқа да жеткізу тәсілдері кезінде жүзеге асырылады. Шұғыл емдеуге жатқызуға:

1) қандағы креатининнің және/немесе несепнәрдің және/немесе калияның жоғары немесе удемелі деңгейімен алғашқ айқындалған пациенттер) (

несепнәрдің тәулігіне 5 ммол/л аса өсуі, креатининнің – 88 - 177 асуы, калия 0,5 ммол/л асуы);

2) олигруиясы немесе ануриясы бар пациенттер;

3) алғаш туындаған немесе анамнезінде ЖБЖ бастаң өткөрген созылмалы жіті бүйрек аурулары бар науқастар;

4) жұкті, босанған және босанғаннан кейінгі кезеңдегі бүйрек патологиясы, сондай-ақ эклампсия белгілері: бас ауруы, артериалық қысымның (бұдан әрі – АК), ісіну, көрудің нашарлауы бар әйелдер;

5) жүрек функциясының, тыныс алудың жетіспеушілігі, инфекция, дene салмағының ұдемелі төмендеуі, гиперкалиемия белгілері бар СБЖ зардалап шегетін пациенттер;

6) трансплантиациядан кейінгі кезеңде қызбесы, ауырсынуы, ісінуі және/ немесе трансплантиация маңында тығыздануы пайда болған, ауыстырып қондырылған бүйрек тұсынан аяқтың ісінуі, несеп мөлшерінің кенет төмендеуі немесе туәлігіне 1 кг артық салмақ қосуы, дизуреясы бар пациенттер;

7) КХ көзделген басқа да жағдайлар.

25. Медициналық құжаттаманы ресімдеу "Денсаулық сақтау ұйымдарының алғашқы медициналық құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 23 қазандағы № 907 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бұйрық) және З-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

26. ДБ/ДО көп бейінді стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі немесе бүйректен тыс қанды тазалауды жүргізу үшін тиісті мүмкіндігі бар дербес орталық ретінде осы Стандартқа 3, 4-қосымшаларда белгіленген тәртіппен құрылады. ДБ/ДО құрылымы осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес регламенттелген.

27. ДБ/ДО қызметі:

1) пациенттерді диализ түрлері, емдеумен байланысты асқынулар мен тәуекелдердің түрлері туралы хабардар етуді, осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес диализ алатын пациентті жаднамамен таныстыруды, сондай-ақ айғақтар болған жағдайда және пациенттің жеке ерекшелігін және қалауын ескере отырып диализдің бір түрін басқа түріне ауыстыру және оны таңдау мүмкіндігін ұсынуды ;

2) пациенттің талап етуі бойынша зерттеу нәтижелері және алып жатқан емнің сапасы туралы деректерді беруді қамтитын медициналық қызметтердің қолжетімділігі, пациенттің өмірімен және денсаулығымен байланысты әрекеттің хабардарлығы және ашықтығы қағидаттарында құрылады.

28. ДБ/ДО мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) шұғыл тәртіппен ТБСЖ ауыратын пациенттерге диализді бастау үшін айғақтарды анықтау;

2) ГД жүргізу үшін уақытша қантамырының қосылуын қамтамасыз ету;

3) тұрақты қантамырының қосылу мүмкіндігін қалыптастыру, (артериовенозды фистулды (бұдан әрі – АВФ), протез, перманентті катетер), интервенциялық нефрология бойынша оқытудан өткен хирург дәрігердің немесе нефролог дәрігердің перитонеалды катетерді имплантациясы;

4) осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес Диализ алатын пациенттің паспортын толтыра отырып (бұдан әрі - Паспорт) ЖБЖ және ТБСЖ ауыратын пациенттерге, ерте және алшақ орналасқан жерде трансплантациядан кейінгі кезеңінде бүйрекке трансплантация жасалғаннан кейін пациенттерге бүйректен тыс қанды тазалауды;

5) АБТ бар науқастар тіркелімді толтыру;

6) АБТ-да пациенттерге зертханалық, аспаптық зерттеулер және дәрі-дәрмектік терапия жүргізу;

7) қажет болған жағдайда бүйрек функциясы жетіспеушілігінің диагностикасы және емдеу мәселелерінде басқа МҰ дәрігерлеріне консультациялық көмек көрсету;

29. Пациенттерге нефрологиялық көмек көрсету кезіндегі ДБ/ДО сабактастығы: нефрологиялық көмекті көрсету кезінде өзіне:

1) бүйрек трансплантациясынан кейін операцияны бастан өткерген жағдайы қыын пациенттердің, науқастардың, бүйректің ауыр патологиясы бар жүкті және босанған әйелдердің болуы туралы Бас нефрологты хабардар ету;

2) осы Стандартқа 7-қосымшаның 2,3,5-тармақшаларына сәйкес Диализ жөніндегі бас маманға ақпаратты ұсыну;

3) амбулаториялық диализ алатын пациентке әр айдың сонында тұрғылықты жері бойынша емханаға эпикризден көшірме беру;

4) ажеттілігіне қарай науқас емдеуге жатқызудан бас тартқан жағдайда активті үйге беру;

5) МСАК-ты емдеуге жатқызудан бас тарту жөніндегі барлық жағдайлар туралы және шығарылған пациенттер туралы хабардар ету арқылы жүзеге асырылады.

30. Халықтың диализдікке көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету және тиімді жоспарлау мақсатында ДБ/ДО басшылары ағымдағы жылғы 15 қарашаға дейін өнірдің денсаулық сақтау басқармасына ДБ/ДО келесі жылға даму жоспарын ұсынады.

31. ЖБЖ, БСЖ және ТБСЖ бар ересектер пациенттерге ДБ/ДО мамандандырылған көмекті "Емдеу іci", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі бар, дипломнан кейінгі білім (аспирантура,

решидентура, клиникалық ординатура) алған және/немесе "Нефрология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткен мамандар, ал балалар диализ емін алып жатқан ДБ/ДО "Педиатрия" мамандығы бойынша, "Нефрология (ересектер, балалар)" және реанимация бойынша техникалық жетілдіру" мамандығы бойынша маман сертификаты бар дәрігер ТМКК шенберінде көрсетеді.

32. ДБ/ДО АБТ емін ТБСЖ бар науқастар амбулаториялық сияқты (мемлекеттік тапсырыс болған кезде) стационарлық та алады, сондай-ақ ЖБЖ, БСЖ бар және трансплантат қабылданбаған жағдайда ДБ/ДО емдеуге жатқызылған пациенттер алады.

33. ТБСЖ бар науқастарда АТБ-ға жоспарлы іріктеу іріктеуге және ТБСЖ бар науқастарда АТБ бастауға арналған критерийлерге сәйкес Комиссия шешімі бойынша жүзеге асырылады. Иріктеуге және ТБСЖ бар науқастарда АТБ бастауға арналған критерийлер төменде көрсетілген айғақтардың бірінің болуы болып табылады:

1) қан несепнәрі сарысуының 30 ммоль/л-ден асуы және/немесе MDRD формуласы бойынша есептелген шумақшалық сұзгі жылдамдығының (бұдан әрі – ШСЖ) $10 \text{ мл/мин} / 1,73\text{m}^2$ төмен азауы (қант диабетімен ауыратын науқастарда $15 - 20 \text{ мл/мин} / 1,73\text{m}^2$):

2) ШФЖ(мл/мин/ $1,73\text{m}^2$) = $186 \times (\text{креатинин плазмалары})^{-1,154} \times (\text{жасы})^{-0,203}$ x (әйелдер үшін 0,742);

3) стандартты бикарбонаттың 20 ммоль/л төмендеп азауы және/немесе буферлі қалыптың тапшылығы - 10 ммоль/л аз;

4) гиперкалиемияның 6,5 ммоль/л жоғары болуы.

34. ЖБЖ, БСЖ және ТБСЖ бар науқастарға шұғыл АБТ емшарасын жүргізу туралы шешімді ДБ/ДО дәрігері кейіннен АТБ-ға айғақты айқындау туралы мәселені Комиссия қаруына шыгара отырып осы Стандартқа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаны ресімдеп қабылдайды.

35. Диализді мынадай жай-күйдің бірі болған жағдайда $10 \text{ мл/мин} / 1,73\text{m}^2$ жоғары ШСЖ кезінде бастауға болады: гипергидратация, (бас миының және/ немесе өкпенің ісуі), корригирленбейтін гипертензия, уремиялық коматозды немесе прекоматозды жай-күй, уремиялық энцефалопатия, уремиялық периқрдит, плеврит, уремиялық қан кету синдромы, тұрақты құсу, эритропоэтиндермен терапияға көнбейтін уремиялық генез анемиясы, жалпы ісіну, диуретиктерге/анасарка резистенті, дene салмағының прогрессивті төмендеуі кезінде бастауға болады. Барлық жай-күйлер зертханалық-аспаптық деректермен расталуы тиіс.

36. Пациент ДБ/ДО тұрғылықты және тіркелген орнына қарамастан есепті кезеңнің аяқталуы бойынша (күнтізблік ай) алады. АБТ алатын пациенттің

тұрғылықты жері ауысқан жағдайда емдеу уақытша келген жері бойынша кез келген ДБ/ДО ТМККК шеңберінде жүзеге асырылады.

37. ЖБЖ кезінде бүйрек сыртындағы қанды тазалаудың мынадай түрлері қолданылады: жіті ПД, алма-кезек құн сайынғы бикарбонатты ГД, тұрақты вена-венозды ГД, терапиялық плазмаферез және плазмасорбция, альбуминді диализ/ жіті бауыр-бүйрек жетіспеушілгі және игепатореналды синдром, гемосорбция (селективті және селективсіз) кезінде, сепсис кезінде альбуминмен байытылған диализатымен түрлендірілген гемодиафильтрация.

38. ЖБЖ бар пациенттерге шұғыл бүйрек сыртындағы қанды тазалауды жүргізу үшін айғақтар:

1) гиперкатаболизмі бар реналды ЖБЖ (несепнәрдің тәулігіне 5 ммол/л аса өсуі, креатининнің – 88 -177 асуы, калия 0,5 ммол/л асуы);

2) олигурия (24 сағатта диурездің < 0,3 мл/кг/сағ) немесе 12 сағатта және одан астам уақытта анурия және/немесе 3 есеге қан сарысының креатининнің ұлғаюы нормадан жоғары (ШСЖ бастапқы жағдайынан 75% асып төмендеуі) және/немесе 30 ммол/л асатын несепнәр қанының ұлғаюы);

3) бақылау мүмкін емес гиперкалиемия (6,0 ммол/л асатын), гипер және гипонатриемия;

4) өкпенің ісінуі, диуретиктерге резистент;

5) артериалық қанының <7,2 pH төмендеуімен метаболия ацидозы;

6) уремиялық перикардит/уремиялық энцефалопатия болып табылады.

39. Диализ емшарасының дұрыстығының критерийлері:

1) бір емшара ішінде несепнәрдің 60%-ға төмендеуі;

2) тұрақты ПД кезінде гемодиализдің дұрыстық индексі $kt/v \geq 1,2$ бір айға немесе апталық $kt/v \geq 2,2$;

3) БГД және тұрақты ПД алатын пациенттер арасында бірінші жылғы өлім 10%-дан аспайды.

Аталған критерийлерге диализ емін қайта бастаған пациенттер кірмейді (3 айдан кем).

40. АТБ алатын пациенттерде ТБСЖ асқынуларын емдеу дұрыстығының критерийлері:

1) 110 г/л тәмен емес гемоглобин;

2) 1,78 ммол/л аспайтын қан сарысының фосфоры;

3) қан сарысының жалпы кальцийі – 2,10 -2,37 ммол/л;

4) қандағы паратормон -150 -300 пг/мл. болып табылады.

Аталған критерийлерге диализ емін қайта бастаған пациенттер кірмейді (3 айдан кем).

41. Бүйректен тыс қанды тазалаудың үздіксіз әдістемесін жүргізу үшін айғақтар (жалғастырылған ГД, гемодиафильтрация):

1) ЖБЖ;

2) ТСБЖ бар пациенттерде: айқындалған интрадиализ гипотензиясы, дисэквилибрум-синдром қаупі, дұрыс емес диализе кезінде ГД альтернативасы ретінде тұрақты емес гемодинамика жағдайындағы өкпенің ісінуі, венаішлік инфузиясының қажеттілігі кезінде ерітінділер (парентералды қоректендіруді қосқанда) мен дәрілік препараттардың ауқымды қолемі болып табылады.

4. Ерте диагностиканы үйымдастыру және нефрологиялық науқастарға МСАК деңгейінде диспансерлік бақылау жүргізу

42. Халыққа МСАК деңгейінде нефрологиялық көмек көрсету мақсатында жіті және созылмалы бүйрек патологиялары бар науқастарды ерте айқындау және емдеу болып табылады.

43. Участелік дәрігерлердің, жалпы практика дәрігерлерінің, МСАК бейінді мамандарының (бұдан әрі – МСАК мамандары) қызметі бүйрек функциясының созылмалы ауруларын (бұдан әрі – БСА) ерте диагностикалауға, қауіп факторларының үдеуін жоюға және БСЖ диализдік кезеңінің уақытын ұлғайтуға, ал АТБ алу кезінде-пациенттер өмірі жақсартуға бағытталған.

44. Пациент алғаш жүгінген кезде МАСК деңгейінде тексеріп-қарау мерзімі 3 -5 жұмыс күні аралығында. Пациенттің емхана (нефрологиялық кабинеттің) нефролог-дәрігерінде толықтай тексеріліп-қаралуы – 7 жұмыс күні.

45. БСЖ даму қаупі топтарын қалыптастыруды, проиболактикалау мен емдеуді МСАК мамандары осы Стандартқа 9-қосымшаға сәйкес БСЖ диагностикасы мен емдеу алгоритмі (бұдан әрі – БСЖ алгоритмі) бойынша нефролог-дәрігермен өзара іс-қимыл жасай отырып жүргізеді.

46. БСЖ даму қаупі топтары: бүйрек аурулары бар, артериялды гипертензиясы, қан тамырларының атресклерозы, қант диабеті, біріктіріш тіндердің дифузды аурулары бар пациенттер болып табылады.

47. МСАК мамандары мыналарды қамтитын БСЖ даму қаупі топтарының пациенттеріне зерттеп-қарауды жүргізеді:

1) қан сарысуының креатинині;

2) ересектерде Кокрофт Голт формуласы бойынша айқындалатын есепті шумақшалық сұзгі жылдамдығын (бұдан әрі – ШСЖ) айқындау:

(140 – Жасы) x Салмағы (кг) x коэффициент*

ШСЖ = _____

0,82 x Қан сарысуының креатинині (мкмоль/л)

донда әйелдерге арналған коэффициент = 0,85, ерлерге арналған = 1

Шварц формуласы бойынша балаларда:

Бойы (см) x 40

ШСЖ = _____

Қан сарысының қреатинині (мкмоль/л)

) несеппен ақуызды жоғалтудың тәуліктік деңгейі.

48. БСА диагнозы мына критерийлерге сәйкес қойылуы:

1) несептің таңғы бөлігінде микроальбуминурия тәулігіне 300 мг жоғары немесе протеинурия (0,033 г/л және жоғары) және/немесе гематурия (1-2 артық көрінеді) және/немесе лейкоцитурия (6-7 артық көрінеді);

2) орамды сұзгінің есепті жылдамдығын $90 \text{ мл}/\text{мин}/\text{м}^2$ төмен төмендеуі;

3) артериялық қысымның 125/85 мм.сын.бағ. жоғары көтерілуі.

БСА диагнозы пациентте жоғарыда көрсетілген барлық критерийлер кемінде 3 ай болған кезде қойылады.

49. 1-2-дәрежелі БСА бар (БСЖ клиникаға дейінгі БСЖ дәрежесі) пациенттерге МСАК мамандары мен бейінді мамандар БСА ушығуы қарқынын төмендетуге бағытталған нефропротективті терапияны жүргізеді.

50. 3-дәрежелі БСА бар пациенттер аталған пациенттерге диспансерлеуді жүзеге асыратын емхананың/нефрологиялық кабинеттің нефрологына консультацияға жіберіледі. 3-дәрежелі БСА бар науқастарға жетекшілікті нефролог участекелік дәрігермен (жалпы практика дәрігерімен) бірлесіп жүзеге асырады.

51. 4-5 дәрежелі БСА (БСЖ терминал алды және терминалды дәрежелері) бар науқастарды, оның ішінде АТБ алатын пациенттерді диспансерлеуді емхананың/нефрологиялық кабинеттің нефролог-дәрігері, ол болмаған кезде участекелік дәрігер (жалпы практика дәрігері) жүзеге асырады.

52. Емхананың/нефрологиялық кабинеттің нефрологы (ол болмаған кезде МСАК маманы) мыналарды қамтитын Алгоритмге сәйкес 4-дәрежелі БСА бар науқастарды АБТ-ға жоспарлы дайындауды жүргізеді:

1) есепке алу үшін ДБ/ДО нефрологияна консультацияға жіберу;

2) медициналық құжаттамаларды АБТ бастау үшін айғақтарды айқындауға Комиссияға жіберу;

3) қан тамыры хирургына консультацияға жіберу және қажет болған кезде түрақты қан тамырлық өткізгіштікті (arterиялық веноздық фистулды және перманентті катетерді) қалыптастыру үшін емдеуге жатқызу;

4) Алгоритмге сәйкес БСЖ пайда болуларының компенсациясын сақтауға ықпал ететін іс-шараларды тағайындау;

5) пациенттерді АБТ-ға психологиялық дайындау;

6) ТБСЖ бар пациенттердің әлеуметтік белсененділігін сақтау.

БСЖ 5-дәрежесі айқындалған кезде пациент шүғыл түрде ДБ/ДО жіберіледі.

53. АБТ алатын пациенттер, оның ішінде балалар, сондай-ақ жүкті әйелдер және босанғаннан кейінгі нефрологиялық патологиясы бар әйелдер тіркелген

орны бойынша нефролог-дәрігерде қаралады және оларға кезектен тыс қызмет көрсетіледі, нефролог болмаған кезде – консультациялық көмекті (ауданның, қаланың, облыстың) нефрологиялық кабинетінде алады. Тіркелген орны бойынша амбулаториялық-емханалық деңгейдегі нефролог болмаған жағдайда, аталған пациенттерді бақылауды және нефролог-дәрігердің ұсыныстарын орындауды МСАК мамандары жүзеге асырады.

54. Емхана нефрологы немесе МСАК маманы (ол болмаған кезде) диализаралық кезеңде ГД алатын пациенттердің жағдайына бақылауды жүзеге асырады, гемодинамика параметрлеріне, салмақ динамикасына, пациенттің ішу режимін және диетаны сақтауын бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ диализ бөлімшесінің (орталығының) нефролог-дәрігерлерімен кері байланысты жүзеге асырады.

55. Үйде амбулаторлық ПД алатын пациенттер ДБ/ДО-та қажетті шығыс материалдарымен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен (бұдан әрі – ММБ) және дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

56. Нефролог (немесе ол болмаған кезде МСАК маманы) пациенттердің жай-күйін, құжаттаманың дұрыс толтырылуын, қорды және соңғыларының шығыстарын ескере отырып үй жағдайларында ПД жүргізуге қойылатын талаптарды сақтай отырып бақылауды жүзеге асырады.

57. Диализдік терапияның асқынулары және ТБСЖ бар пациенттер, оның ішінде перитониті бар ПД алатын пациенттер айғақтар болған кезде, стационар құрамындағы ДБ/ДО-ға емдеуге жатқызуға жатады.

58. БСЖ/ТБСЖ асқынулары немесе "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шенберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күй) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылы 25 қарашада № 7306 тіркелді) сәйкес дәрілік заттармен дәрі-дәрмектік түзетулерді талап ететін қосалқы патологиялар айқындалған жағдайда пациент бейінді маманға қосымша есепке алынады.

59. Емхананың/нефрологиялық кабинеттің нефрологында диспансерлік бақылауға ерте айқындалған немесе алғаш айқындалған мынадай патологиясы бар пациенттер жатады:

- 1) жіті гломерулонефрит;
- 2) созылмалы гломерулонефрит;
- 3) кез келген этиологияның БСЖ;
- 4) кез келген этиологияның жіті туындаған уремиясы;

- 5) бүйректі зақымдаған біріктіріш тіндердің диффуздық аурулары;
- 6) жалғыз бүйрек;
- 7) жүкті әйелдердің эклампсиядан кейінгі жай-күйі;
- 8) ЖБЖ кейінгі жай-күйі;
- 9) бүйрек трансплантациясынан кейінгі жай-күй.

60. ЖБЖ бастан өткерген науқастарды, соның ішінде балаларды, бастан өткерген преэклампсиясы және эклампсиясы бар әйелдер, сондай-ақ жүктіліктің үйреншікті болмауы және/немесе айқындалған антифосфолипидті антиденелері және/немесе ЖБЖ дамыту бойынша қауіп топтары ретінде кардиолипинге антиденелері бар әйелдерді бақылауды 5 жыл ішінде тоқсан сайын емхана/нефрологиялық кабинеттің нефрологы, ол болмаған кезде МСАК мамандары (қан, несепті, биохимиялық көрсеткіштердің жалпы талдауын бақылау, Зимницкий сынағын бақылау) көрсетеді.

61. Шалғайда орналасқан елді мекендерде нефрологиялық ауруларымен ауыратын пациенттерге, соның ішінде балаларға медициналық көмекті емхана/нефрологиялық кабинеттің нефрологының ұсынымдарына сәйкес фельдшерлік-акушерлік пункттерде, медициналық пункттерде медицина қызметкерлері көрсетеді.

5. Тірі донордан бүйректі транспланттау бойынша операцияны дайындау, өткізу тәртібі, пациентті ерте және кеш посттрансплантациялық кезеңде бақылау

62. Емхананың/нефрологиялық кабинеттің нефрологы және/немесе тіркелген жері бойынша МСАК маманы бүйрек трансплантациясын күтіп отырған пациентті және оның тірі донорын дайындауды мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) трансплантацияны күтіп отырған пациентті, оның туысын немесе заңды өкілін (жұптар "донор-реципиент") тірі донордан бүйректі транспланттау мүмкіндігі туралы хабардар ету;

2) трансплантацияны күтіп отырған пациенттің құжаттары бүйрек трансплантациясының қажеттілігі туралы мәселені шешу үшін Комиссияға жібереді және (қалалық, облыстық, республикалық) қан орталығымен бірлесіп иммунологиялық зертханаға қан үлгілерін жеткізуі қамтамасыз етеді;

3) Комиссияның оң шешімін, иммунологиялық зерттеудің қанағаттанарлық нәтижесі алынғаннан кейін - бүйрек трансплантациясын күтіп отырған пациентті және оның тірі донорын ТМККК шенберінде тіркелген орны бойынша осы Стандартқа 10-қосымшаға сәйкес (1-3 қадамдар) жұптар "донор-реципиент" зерттеп-қарау хаттамасы бойынша зерттеп-қарауды ұйымдастырады;

4) бүйрек трансплантациясын күтіп отырған пациентті және оның тірі донорын КХ сәйкес зерттеп-қарау үшін Портал бойынша емдеуге жатқызуға трансплантация орталығына жібереді;

5) емдеуге жатқызу мүмкін болмаған жағдайда-тіркелгін орны бойынша емханаға толықтай тексеріп-қарауды ұйымдастырады (4 қадам);

6) толық зерттеп-қалудан өткеннен кейін – трансплантация бөлімшесінің (орталығының) (немесе бүйрек трансплантациясы жүргізілетін медициналық ұйымның) трансплантологына жіберу.

63. Амблаториялық кезеңде зерттеп-қарау мерзімі – күнтізбелік 30 күн.

64. Трансплантация бөлімшесінің (орталығының) трансплантологы трансплантацияны күтіп отырған пациенттің және оның тірі донорының операция жасау үшін емдеуге жатқызудың болжамды күнінде айғақтардың жоқ екені туралы алдын ала қорытынды береді. Қорытындыны беру мерзімі – 5 жұмыс күні.

65. Емхананың/нефрологиялық кабинеттің нефрологы 10 жұмыс күні ішінде трансплантологтың қорытындысын алған сэттен бастап бүйрек трансплантациясын күтіп отырған пациентті және оның тірі донорын операция жасау үшін трансплантация бөлімшесіне (орталығына) Портал бойынша жібереді .

66. Бүйрек трансплантациясын күтіп отырған пациент және оның тірі доноры (бұдан әрі - жұптар "донор-реципиент") зерттеп-қарау нәтижелерімен операция алды зерттеп-қарауды жүргізу және КХ сәйкес бүйрек трансплантациясын жасау үшін трансплантация бөлімшесіне (орталығына) келіп түседі.

67. Донорлыққа қарсы айғақтар мынадай жағдайлар болып табылады:

1) 65 жастан жоғары жас шамасы;

2) соматикалық патология: жіті инфекция, жүрек-қантамыры жүйесінің аурулары, өкпенің созылмалы аурулары, бауырдың белсенді созылмалы аурулары, қатерлі ісіктер, анамнездегі қын жүрек-қантамырларының аурулары: аритмия, ЖИА, қақпақшалардың ауруы;

3) анамнездегі тромбоздар және тромбоэмболиялар;

4) шумақшалық фильтрация жылдамдығының төмендеуі <80 мл/мин;

5) бақылауға келмейтін АҚ $>140/90$ ұлғаюы (АҚ бақылауға келетін жағдайда - рұқсат беріледі);

6) қант диабетінің белгіленген диагнозы, басқа айқындалған эндокриннің бұзылуы, соның ішінде семіздік (онтайлы салмақпен салыстырғанда дене салмағының 30% көп болуы);

7) тәуліктік протеинурия $>$ тәулігіне 300 мг, альбуминурия $>$ тәулігіне 30мг;

8) гематурияның түрақты түрі;

9) АИТВ-ға антиденелерді айқындау;

10) вирусты гепатитке (HBsAg(+)) талдаудың оң нәтижесі, С) гепатит вирусына анти денені анықтау, реципиентте осы зерттеулердің теріс нәтижелері жағдайында;

11) урологиялық аурулар: гидронефроз, қуық-несепағар рефлюксы, ангиомиолипома, бұйректегі тастар (рецидив, екі жақты, тастардың $>1,5$ см асуы), несеп жолдарының белсенде инфекциясы, донор бүйрекінің және несеп жолдарының даму аномалиясы;

12) психиатриялық және әлеуметтік қарсы айғақтар;

13) тұқым қуалайтын бүйрек аурулары: бүйрек полижылауығымен 30 жастан кіші туыстар, бүйректің полижылауығы, гематурия және протеинуриямен сүйемелденетін Альпорт синдромы бар туыстар немесе 40 жастан кіші жас шамасындағы жіңішке жарғақша аурулары бар науқас немесе қосалқы гипертензия және протеинурий бар аурулар.

68. Реципиентке бүйректі трансплантаттау үшін қарсы айғақтар:

1) қатерлі ісіктер: анамнезінде соңғы 2-5 жыл ішінде қатерлі ісігі болған адамдар;

2) АИТВ жұқтырғандар;

3) белсенде кезеңдегі жүйелі инфекция немесе инфекцияны емдеуге созылмалы инкурабелді немесе рефрактерлі инфекция (инфекция белгілері бүйректі трансплантаттауға дейінгі 1 айдан кем емес уақытта болмауы тиіс);

4) басқа ағзалардың қызын аурулары: белсенде гепатит (HBe – антиденені, гепатит вирусының белсенде репликациясының серологиялық белгілері, D) гепатиті бойынша позитивті және немесе циррозға әкелген белгілер, ауыр жүрек аурулары (терапияға рефрактерлі), өкпенің созылмалы аурулары (с сыртқы тыныс алу функциясының анықталған бұзылуарымен), жүрек қан тамырының, бас миының, перифериялық артериясының зақымдануымен анықталған таралған атеросклероз).

5) пациенттің медицина персоналы мен дәрігердің нұсқауын орындамау қабілетсіздігі;

6) айқындалған психоневрологиялық аурулар: дәрі-дәрмектен тәуелділік, алкогольизм, шизофрения және басқа жағдайлар;

7) оң айқасқан лимфоцитті сынақ табылады.

69. Бүйрек трансплантациясы бойынша операция мынадай жағдайлар сақталған кезде өткізіледі:

1) айқасқан лимфоцит сынағының теріс нәтижелері (оң нәтиже болған жағдайда лимфоцитотоксикалық тест негізінде кейіннен екі кезеңді сынақ жүргізу қажет және екі теріс нәтиже алынған жағдайда операция өткізу туралы шешім қабылданады);

2) реципиент және донорда абсолютті қарсы айғақтардың болмауы,

3) операция өткізуге реципиенттің, донордың және/немесе олардың жақын туыстарының нотариат растиған келісіуінің болуы;

4) бас дәрігердің емдеу жұмысы жөніндегі орынбасарының, трансплантолог, нефролог, анестезиолог-реаниматолог, емдеуші дәрігер құрамында дәрігерлер консилиумының шешімі.

70. Операциядан кейін донорлық бүйрек реципиенті (бұдан әрі – Реципиент) стационарда анестезиолог-реаниматолог, трансплантолог, хирург, нефролог, терапевт, урологтардан тұратын мультипәндік тобының (бұдан әрі – МПТ) бақылауында болады. МПТ құрамы бүйрек трансплантациясы бойынша оқудан еткен мамандардан тұратын трансплантация бөлімшесі (орталығы) бар медициналық ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі. Емдеу Реципиентті емдеу алгоритміне сәйкес осы Стандартқа 11-қосымшаға сәйкес анестезиология және реаниматология бөлімшесінде жүргізіледі. Консилиум шешімімен Реципиент бейінді бөлімшеге ауыстырылады.

71. Реципиент стационардан мынадай жағдайлар кезінде шығарылады:

- 1) Реципиенттің қанағаттанарлық жай-күйі (онда жіті жағдайлардың және/немесе созылмалы аурулардың ушығуының болмауы, ағзалар мен жүйелер функциясының декомпенсациясының болмауы);
- 2) операциядан кейінгі жараның қабыну симптомдарының болмауы;
- 3) трансплантаттың тұрақты функциясы,
- 4) иммуносупрессанттардың мақсатты шоғырлануына қол жеткізу,

72. Трансплантация орталығы (бөлімшесі) басшыларының бұйрығымен трансплантациядан кейінгі кезеңде Реципиенттерге мониторинг жүргізу жөніндегі үйлестірушінің (бұдан әрі – Үйлестіруші) функциясын атқаратын МТТ қызметкерлерінің ургенттік кезекшілік кестесі бекітіледі.

73. Үйлестірушінің міндетіне:

- 1) МСАК мамандарымен және/немесе емхана нефрологтарымен байланыс орнату;
- 2) трансплантация орталығының (бөлімшениң), МСАК-тың және емхана (нефрологиялық кабинет) нефрологтарының арасында трансплантациядан кейінгі кезеңдегі сабактастықты орнату;
- 3) МТТ мамандары мен трансплантация орталығының (бөлімшениң) басшысын Реципиентте туындаған қызын асқынулар туралы хабардар ету;
- 4) Реципиенттің өмірі мен денсаулығына байланысты ургенттік жағдайларда шешім қабылдайды. Үйлестірушінің барлық ұсынымдары мен консультациялары және орындау туралы белгілері журналға жазылады.

75. Реципиентті шығарылғаннан кейін емхана нефрологы немесе МСАК маманы Үйлестірушінің бақылаумен қадағалап отырады. Бейінді мамандардың барлық тағайындалары нефрологпен және/немесе үйлестірушімен келісіледі.

Иммундық суперссанттардың шоғырын айқындауға арналған жолдау нысаны және қанды жинау алгоритмі осы Стандартқа 14-қосымшада ұсынылған. Трансплантаңты ультрадыбыстық зерттеу (бұдан әрі – УДЗ) осы Стандартқа 15-қосымшага сәйкес жүргізіледі.

Пациент шығарылғаннан кейін зерттеп-қарау нәтижелерін бағалау, иммуносупрессанттардың дозасын түзету, асқынуларды, транспланттың ажырап қалу симптомдарын уақтылы анықтау бөлігінде нефрологиялық кабинеттің нефрологында немесе тұрғылықты жері бойынша нефрологта сондай-ақ зерттеп-қарау процесін ұйымдастыру, қажетті дәрілік препараттармен қамтамасыз ету, мамандардың консультациясы, нефролог және/немесе Үйлестірушінің бақылауымен жалпы соматикалық патологияны емдеу, сондай-ақ Портал бойынша жоспарлы емдеуге жатқызууды жүзеге асыру бөлігінде участекі терапевте бақыланады. Зерттеп-қарау нәтижелері осы Стандартқа 16-қосымшада ұсынылған Реципиентті МСАК деңгейінде динамикалық бақылау картасына (бұдан әрі – Карта) енгізіледі. Зерттеп-қарау нәтижесінің және Картаның көшірмелері реципиенттің қолына беріледі.

76. Реципиентті шұғыл емдеуге жатқызууды кезекші стационар, ал пациенттің өміріне қауіп төндіретін жағдайларда кез-келген жақын орналасқан стационарда жүзеге асырылады. Бұл ретте кезекші дәрігер реципиенттің стационарға түскені туралы Үйлестірушіге және/немесе нефрологқа тез арада хабарлайды және пациентті зерттеп-қарау мен емдеу жоспарын келіседі, санитариялық авиация арқылы нефрологты шақыртады және жағдайы түркіты болған кезде дәрігерлер консилиумының шешімінен Реципиентті бейінді бөлімшеге немесе трансплантация орталығына (бөлімшесіне) жеткізууді қамтамасыз етеді.

77. Реципиентті МҰ-ға шұғыл емдеуге жатқызу үшін айғақтар:

1) жіті дисфункцияның клиникалық және УДЗ белгілері немесе трансплантаттың жіті ажырауы (олигоанурия, қан сарысы қреатининің жылдам артуы, дене қызының көтерілуі, трансплантат айналасындағы ауырсыну, трансплантат мөлшерінің ұлғаюы, қабыршақ беттері қалындауының ұлғаюы, паренхима эхогенностінің төмендеуі, трансплантаттағы қан ағысының жылдамдық көрсеткіштерінің төмендеуі, резистенттік индекстің артуы, диастолдағы артериалық қан ағысының төмендеуі немесе болмауы, диастолдағы реверсивті қан ағуының пайда болуы, антидонорлық антиденелердің титрасының артуы);

2) жіті қабыну синдромы (сандық әдіспен айқындалған С-реактивті ақуыздың жоғары титры, сепсиске құдік) немесе созылмалы аурулардың ушығуы;

3) вирустарға иммуноферментті талдау (бұдан әрі – ИФТ) нәтижелері бойынша вирустарға, токсоплазмаға, зенге Ig M титрін анықтау сондай-ақ жоғарыда көрсетілген агенттерге полимеразды тізбекті реакцияның (бұдан әрі –

ПТР) сандық талдауының деректері бойынша IgG титрінің артуы, антигенемияны анықтау;

- 4) несеп шығару жүйесінің жіті инфекциясы;
- 5) қайталанатын гломерулонефрит немесе жүйелі қабынудың анықталған синдромымен өз бүйрекінің гломерулонефриті;
- 6) тыныс алу жүйесінің зақымдануының клиникалық белгілері (қарқынды демігу, жөтел, дене қызыгуының көтерілуі) және/немесе өкпе зақымдануының рентгенологиялық белгілері;
- 7) декомпенсация сатысында ТСБЖ айқындалуы.

78. Ерте операциядан кейінгі кезенде асқынулар болған жағдайда (трансплантаттаудан кейін үш айға дейін) Реципиент трансплантация орталығына (бөлімшесіне) емдеуге жатқызуға жатады. Үш айлық мерзімі өткеннен кейін емдейге жатқызу хирургиялық және урологиялық асқынуларды қоспағанда нефрология бөлімшесінде жүзеге асырылады.

79. Бүйрек трансплантациясын қажет ететін пациентті нефролог осы Стандартқа 17-қосымшаға сәйкес бүйрек трансплантациясын күтүшілер парагына енгізу үшін өнірлік трансплантациялық үйлестірушіге жібереді.

Қазақстан Республикасының
халқына нефрологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
1-қосымша

Нефрологиялық орталық (қалалық, облыстық)

1. Нефрологиялық орталық басшысының лауазымына 5 жылдан кем емес еңбек өтілі бар нефролог-дәрігер тағайындалады.

2. Нефрологиялық орталықтың негізгі міндеттері:
қаланың (облыстың) МҰ дәрігерлерінің Тіркелімді сапалы толтыруын, Тіркелімді талдауын бақылау;

қаланың (облыстың) халқы арасында МСАК мамандары жүргізетін нефрология және ағзалық (мәйіттік) донорлық саласындағы насиҳаттау жұмыстарын ұйымдастыру;

нефролог мектебін және пациент мектебін ұйымдастыру, дәрігерлер арасында семинарлар мен мастер-кластар өткізу арқылы нефрология саласындағы білім деңгейлерін арттыру, МСАК мамандарының профилактика, ерте диагностика және БСЖ емдеу мәселелеріндегі күштерін біріктіру;

нефрологтарға ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету;
бұқаралық ақпарат құралдарын тарту, оларда нефрология саласындағы жетістіктерді жариялау;

скринингілік зерттеулерді және нефрология саласындағы профилактикалық бағдарламаларды ұйымдастыру және өткізу;

осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес Бас нефрологияның жиынтық есебі үшін ақпарат жинауды қамтамасыз ету;

қаланың (облыстың) нефрологиялық қызметінің құрылымдық бөлімшелері арасындағы сабактастықты қамтамасыз ету;

жоғары оқу орындарымен әріптестікте болу, олардың қызметкерлерін клиникалық жұмысқа тарту;

КП, нефрология, диализ және бүйрек трансплантациясы саласындағы қаланың (облыстың) нефрологиялық қызмет стандарттарын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу.

3. Нефрологиялық орталықтың функционалдық өзара байланысы.

Нефрологиялық орталықтың барлық құрылымдық бөлімшелері өзінің емдеу-диагностикалық және консультациялық қызметін пациент мұддесі үшін тығыз өзара байланыста және сабактастықта жүзеге асыруы тиіс. Нефрологиялық орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің (сыртқы және ішкі) функционалдық байланыстары сипаты мен түрлері олардың қызметтерінің ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады.

Қазақстан Республикасының
халқына нефрологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
2-қосымша

Нефрология саласындағы мамандарға қойылатын талаптар:

4. Штаттан тыс бас нефролог (қаланың, облыстың, республиканың) функционалдық міндетіне мыналар кіреді:

осы Стандартқа сәйкес халыққа амбулаториялық-емханалық, стационарлық, стационарды алмастыратын деңгейлерде нефрологиялық көмек көрсететін барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыру;

өнір халқына нефрологиялық көмек көрсететін дәрігерлер арасындағы ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс;

МҰ дәрігерлерінің Тіркелімді толтыру сапасын бақылау;

қаланың (облыстың) нефрологиялық қызметінің құрылымдық бөлімшелері арасындағы сабактастықты қамтамасыз ету;

нефрологиялық патологиялары бар пациенттердің өмірі мен денсаулығына қауіп тәндіретін жағдайлар туындаған кезде жоспарлы және шұғыл сипаттағы шаралар қабылдау;

өнірлер бойынша қажеттілікті жоспарлау және болжау, жинақтау; нефрологиялық науқастарға арналған шығыс материалдарын, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және дәрілік заттарды бақылауды ұйымдастыру;

қаланың (облыстың) ДБ/ДО АБТ уақтылы басталуын бақылау;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп нефрологиялық патологиялары пациенттерге көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын сараптауға қатысу;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға осы Стандартпен белгіленген есептік нысандар бойынша есептілікті уақтылы ұсыну;

МҰ нефрология саласындағы құқықтық-нормативтік актілердегі барлық өзгерістер туралы уақтылы хабарлау.

5. Емхана нефрологының функционалдық міндетіне мыналар кіреді:

Тіркелімді толтыру;

Бас нефрологтың жиынтық есебі үшін есеп дайындау;

бүйрек трансплантациясынан кейін пациенттер санының өсуін/азаюын ескере отырып иммундық супрессивтік препараттар қажеттілігінің жалдық көлемін қалыптастыру;

ауыр, диагностикалық түсініксіз пациенттер айқындалған жағдайлар туралы
Бас нефрологқа хабарлау;

МСАК дәрігерлерінің арасында БСЖ алгоритмі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

3-5 сатылы БСЖ бар науқастарды, оның ішінде трансплантациядан кейінгі кезеңдегі науқастарды диспансерлеу;

диализben ем қабылдайтын науқастарды диализ аралық кезеңде тексеріп-қарауды және емдеуді ұйымдастыру;

бүйрек трансплантациясы кезеңінен кейінгі пациенттерге, гломеруляры аурулары бар, БСЖ бар пациенттерге арналған дәрілік заттарға қажеттіліктің жылдық көлемін қалыптастыру;

4-5 сатылы БСЖ бар науқастарды осы Стандартта көзделген жағдайларда ДБ/ДО, Комиссияға жіберу;

жұптар "донор-реципиентті" зертеп-қарауды ұйымдастыру;

нефрологиялық науқастарды медициналық-психологиялық оналту: оларды психология, әлеуметтік қызметкерге, медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссияға, нефрологиялық бейінді науқастарға арналған медициналық оналту бөлімшесіне жіберу;

этика және деонтологияны сақтау.

6. Нефрологиялық кабинеттің (ауданың, қаланың, облыстың) менгерушісінің функционалдық міндетіне мыналар кіреді:

емхана нефрологтарының қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік басқару, оларға консультациялық-диагностикалық көмек көрсету;

қала (облыс) емханаларынан тіркелім бойынша ақпараттың сапалы толтырылуын және жинақтауын және жылдық есептілікті бақылау;

зерттеудің және емдеудің арнайы әдістерін (бүйрек биопсиясы, диализ, трансплантация) қолдануды талап ететін адамдарды қалалық, облыстық және республикалық маңызды нефрологиялық бөлімшелерге жіберу туралы мәселені шешу;

консультациялық қабылдау, пациенттің қозғалу бағытын үйлестіру және нефрологиялық көмек көрсету кезінде сабактастықты қамтамасыз ету;

3-5-сатылы БСЖ бар науқастардың, оның ішінде АБТ алатын науқастардың өнірлік дерекқорын құру;

ТБСЖ бар науқастарды Комиссияға жіберу;

7. ДБ/ДО бөлімшениң (орталықтың) нефролог-дәрігерінің функционалдық міндегіне мыналар кіреді:

Науқастарды емдеу іс-шараларын түзете отырып гемодиализ ем-шаралары (бұдан әрі – ГЕ) алдында, кезінде және кейін науқастарды тексеріп-қарау;

науқасты "жасанды бүйрек" аппаратурасына қосу және бүйректен тыс қан тазалау режимдерін айқындау;

№ 907 бүйрыққа және осы Стандартқа сәйкес медициналық құжаттаманы ресімдеу;

ТБСЖ асқынуларын дәрі-дәрмектік емдеуді тағайындау;

Дозалайтын ертінді мен биологиялық сұйықтық құрамының зертханалық көрсеткіштерін бағалау және ГЕ режимдерін дұрыс түзету;

ТБСЖ науқастарының тіркелімін толтыру;

Бас нефрологқа және КР ДСМ Денсаулық сактауды дамыту республикалық орталығының филиалына хабарламаны толтыру және жіберу;

пациентті ТБСЖ-дан БД ауыстырған кезде, даулы жағдайларда және бүйрек трансплантациясы туралы мәселені шешу үшін науқастарды Комиссияға жоспарлы жіберу;

этика және деонтологияны сақтау.

8. Стационардың нефрологиялық бөлімшесі нефролог-дәрігерінің функционалдық міндегіне мыналар кіреді:

жетекшілік ететін бөлімше науқастарына күнделікті тексеріп-қарау;

бөлімше менгерушісінің және/немесе бөлімше жетекшісінің және/немесе аурухана әкімшілігінің қызметкерлерінің күнделікті аралап-қарауына қатысу;

клиникалық конференцияларға және бөлімше мен ауруханадағы сырқатнаманы талқылауларға қатысу;

№ 907 бүйрыққа сәйкес медициналық құжаттаманы ресімдеу және жүргізу;

науқастардың клиникалық-зертханалық көрсеткіштерін динамикалық бақылау және емдеу іс-шараларын жүфйл түзету;
нефрологиялық науқастарды диагностикалау және емдеу әдістерін өзірлеуге қатысу;
этика және деонтологияны сақтау.

Қазақстан Республикасының
халқына нефрологиялық көмек
көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
3-қосымша

Гемодиализ өмшарасына қойылатын талаптар

1. Диализ бөлімшелерін (орталықтарын) құруға қойылатын талаптар

1. ДБ/ДО мемлекеттік және жекешелік ұйымдарда ТБСЖ бар науқастар үшін диализ қызметін ғана көрсететін жеке орталықтар түрінде және медициналық ұйымдардың базасында жеке құрылымдық бөлімше түрінде жұмыс істейді. БЖЖ бар пациенттер үшін (аудандық, қалалық, облыстық, республиканық) медициналық ұйымдарда қанды бүйректен тыс тазарту үшін аппараттарды қондыруға рұқсат етіледі.

2. Жаңа ДБ/ДО жоспарлау қолданыстағы ДБ/ДО арасындағы арақашықтықты, АБТ қажеттілігін және өнір халқының санын есепке ала отырып жүргізіледі.

3. Қайта ашылып жатқан ДБ/ДО аппараттарының саны екіден кем жиырма бестен артық болмауы тиіс және 10 жұмыскерге шаққанда бір резерв аппараты.

4. ДБ/ДО жұмысын ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

1) медициналық ұйымның базасында ашылады немесе абаттандыру туралы заңнамаға сәйкес пайдалануға рұқсат алған кезде жеке ғимараттарда, сондай-ақ көп қабатты ғимаратқа еркін кіреберісі бар (табалдықырықтардың болмауы, бос лифтілер) үй-жайларда орналастырылады;

2) кондоминиумдардың жертөле қабатында орналаспауы тиіс;

3) бірінші қабатты қоспағанда ДБ/ДО орналастырылатын көп қабатты ғимараттарда, пациенттерді емдеу және пайдалану үшін кеңістік болған кезде пациенттерді тасымалдайтын арбамен тасымалдауға мүмкіндігі бар жедел саты болу керек;

4) үздіксіз салқыннатуды, жылытуды және үй-жайды электрмен қуаттауды қамтамасыз ететін жүйемен жарақтандырылды;

5) жеке мейіргер постын бөлүмен жеке аппараттар және/немесе "В" және "С" вирусты гепатитін жүқтүрған науқастарды емдеу үшін гемодиализ аппаратымен бөлмелер қарастырылуы тиіс.

2. Диализ залдарын жарақтандыру

5. Гемодиализ аппараттары, уәкілетті орган бекіткен заңнамаға және стандарттарға сәйкес өндіруші - ел қарастырған жеткілікті ресурсы және өнімділігі бар сапа стандарттарына және сертификаттарына сәйкес келуі тиіс.

Жарақтандырудың минималды тізбесі мыналарды қамтиды:

- 1) гемодиализ аппараты - 5 дана;
- 2) мобиЛЬДІ ТӨСЕК - 5 дана;
- 3) дәрігерге арналған үстел - 1 дана;
- 4) мейіргерге арналған үстел – 1 дана;
- 5) орындық – 2 шт.;
- 6) дәрі-дәрмектерге арналған үстел - 1 дана;
- 7) ұзақ инфузиялық құюларға арналған штатив - 2 дана;
- 8) дәрі-дәрмектерге арналған шкаф - 1 дана;
- 9) медициналық мұздатқыш – 1 дана;
- 10) алғашқы көмек дәрі қобдиша - 1 дана;
- 11) көп каналды электрокардиограф – 1 дана;
- 12) дефибриллятор - 1 дана;
- 13) трахеостомияга арналған жинақ – 1 дана;
- 14) қолмен демалдыру аппараты – 1 дана;
- 15) медициналық сандық термометр (электрондық)- 1 дана;
- 16) фонендоскоп – 1 дана;
- 17) артериялық қысымды өлшеуіш – 1 дана;
- 18) ауаны ультракүлгін сәулелендіру - рециркулятор – 1 дана;
- 19) медициналық таразы – 1 дана.

3. Үй-жайлардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

6. Диализ ерітінділерін және дайын дайын диализ концентраттарды дайындауға арналған ингридиенттерді сақтауға арналған үй-жайлардың аумағы сұйық және құрғақ ингридиенттерді айлық қордан кем емес есебінен бөлек сақтау мүмкіндігін қарастыру керек.

7. Шығын материалдарды сақтауға арналған үй-жайлардың аумағы мен жабдықтары кемінде айлық қорды сақтау қажеттілігінен белгіленеді.

8. "В" класты қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жай тартып-сору желдеткішімен жарақтандырылуы керек.

9. Еден жабынының, диализ залдарының, техникалық үй-жайлардың, демалу бөлмелерінің қабырғалары санитариялық талаптарға сәйкес, жеңіл тазаланатын, және агрессиялық сұйықтықтарға төзімді болу керек.

10. Тасымалдау, орнату, монтаждау, пайдалану, жөндеу, сақтау және жою кезінде аппараттар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптар тиісті нормативтік құжаттарда регламенттелген.

11. Аппараттарға техникалық қызмет көрсетуді, тексеруді, калибрлеуді пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа жүргізу керек.

12. "Жасанды бүйрек" аппаратын пайдалану мерзімінің соңында (мерзімін әдетте, өндіруші фирма көрсетеді) оны одан әрі пайдалану мүмкіндігіне сараптамалық бағалаудан өткізу қажет. Сараптамалық бағалаудың нәтижесі бойынша инженерлік-техникалық жұмысшы, ДБ/ДО басшысы және/немесе медициналық ұйым әкімшілігінің өкілі қолбелгісін қоятын акт түзіледі. Егер аппарат жөндеуге жататын болса, ол үшін мерзімін жыл сайын ұзарту мүмкіндігімен қауіпсіз пайдаланудың жаңа мерзімі белгіленеді.

13. Бөлімше қызметкерлеріне арналған қауіпсіздік техникасын МҰ әкімшілігі жазады.

14. ДБ/ДО үй-жайларының аумағы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

| Үй-жайлардың атауы | Өзгерістері бар аумағы, м ² |
|---|---|
| Мейіргер посты бар диализ залы | Бір диализ орны үшін кемінде 7 м ² |
| Су дайындау бөлмесі | Кемінде 6 м ² |
| Таблетка түріндегі тұзға арналған қойма | Кемінде 5 м ² |
| Қойма (ГД арналған ерітіндісі бар контейнерлерді, шығын материалдарды сақтау) | Кемінде 10 м ² |
| Аға мейірлердің кабинеті (дәрі-дәрмектер бар шкаф) | Кемінде 8 м ² |
| Дәрігер кабинеті | Әр дәрігер үшін 4 м ² , кемінде 8 м ² |
| Персонал бөлмесі | 1 мб 4 м ² , кемінде 8 м ² |
| Пациенттерге арналған вестибюль-гардероб бөлмесі | 1 машина орны үшін кемінде 0,5 м ² |
| Тану бөлмесі (ем-шара кабинеті) | Кемінде 10 м ² |
| Ш/б бөлмесі | 6 м ² |
| Персоналға арналған санитариялық торап | 2 м ² (15 адамға 1) |
| Пациенттерге арналған санитариялық торап | 2 м ² (15 адамға 1) |
| Демалыс, пациенттерді күтүге арналған үй-жай | Кемінде 10 м ² |
| Құрал-саймандарды, дезинфекциялық құралдарды дайындауга арналған бөлме | 6 м ² |
| "В" және "С" гепатиттері бар пациенттерге арналған аумақ | 1 диализ орнына арналған 7 м ² |
| "В" класты медициналық қалдықтар | 5 м ² |
| Диализге арналған концентраттарды дайындауга арналған бөлме (миксер бар болған кезде) | Өндіруші фирмасы белгіленген стандарттарға сәйкес |

4. Суды тазарту жүйесі

15. Мақсаттары:

1) судың Еуропалық Одағының Фармакопеясының көрсетілген стандарттары бойынша мемлекеттік және жеке диализ орталықтарында пайдаланатын су құрамындағы химиялық және бактериологиялық қоспалардың шегіне сәйкестігін бақылау;

2) ең соңғы технологиялардың көмегімен гемодиализде пайдалануға арналған ең сапалы суды алу.

16. Негіздері мен анықтамалары:

1) тазартылмаған су – бұл диализ клиникаларынан тыс пайдаланатын әдеттегі ағынды немесе артезиан суы;

2) тазартылған су (теріс осмос) – бұл теріс осмос әдісімен тазартылған, стандартты гемодиализде пайдаланатын су;

3) ультратаза диализ сұйықтығы – гемофильтрлеу немесе гемодиафильтрлеуде пайдаланатын диализат немесе үқсас сұйықтық;

4) шоғырланған диализ ерітіндісі – формула бойынша жасалған концентрат ерітіндісі, ол глюкозасы бар немесе жоқ электролитті қамтиды, езген кезде құрылымы бойынша плазмалы қанға жақын диализ (диализат) сұйықтығы пайда болады;

5) диализ (диализат) сұйықтығы – бұл тазартылған су мен гемодиализдің езілген концентраты ерітіндісі;

6) бактериологиялық талдаулар – микробтық ластану және бактериялық эндотоксиндер тестілері.

17. Су дайындау жүйесін техникалық жобалауы мынадай талаптарға сәйкес келетін су құбыры және құбырлар жүйесінен тұрады:

1) сантехника мен құбырлар әртүрлі бактериялық ластанудан оқшаулану керек және оларды кедергісіз дезинфекциялауға болатындей орналастырылуы тиіс.

2) Су құбырын дайындау үшін тот баспайтын болат, поливинилиденфторид, полипропилен немесе поливинилхлорид сияқты гигиеналық материалдар пайдалану керек. Су құбыры су айналымының жоғары жылдамдығын тұрақты қамтамасыз ету үшін мүмкіндігінше тұра өткізу керек. Суды бөлу желілерінде тұрақты рециркуляция болу керек және пайдаланбаған тазартылған су тазартылған су бар ыдысқа немесе теріс осмос блогына кері қайтарылуы тиіс. Таза су бар резервуардың түбі конус түрінде болғаны кедергісіз дезинфекция үшін ұсынылады.

3) Егер жүйеде таза суды резервурлау пайдаланатын болса, UV (ультракүлгін) блоктарын және UF (ультрафильтрат) фильтрін пайдалану ұсынылады. UV блогын пайдаланған жағдайда, биологиялық қауіпсіздік жүйесін де пайдалану

керек, өйткені UV технологиялары мұндай кепілдікті бермейді (UV радиациясының детекторы қолданылмайды). Егер ультракүлгін шамы пайдаланатын болса, осы шамдарды қолдану уақыты өткен соң, олар тиісті шамдарды пайдалану жөніндегі техникалық ерекшеліктерге сәйкес ауыстырылады және шамдарды ауыстыру тіркеледі.

18. Суды дайындау және диализ концентратты дайындау жүйесі бөлмесі (миксер) мыналарды қамтиды:

1) Суды дайындау жүйесі бөлмесі: өлшемі тиісті, қолданылатын су құбыры жүйесімен, сондай-ақ жұмыс істеу үшін тиісті ортамен жарақтандырылған (температура, ылғалдылық, жарық) болуы тиіс. Сумен қамтамасыз ету бөлмесінде бір бұру болуы тиіс, бір де бір ағып кету болмау керек. Су құбыры жүйесі бөлмесіне күн сәулесі түспеуі тиіс. Егер су құбыры жүйесі бөлмесінде терезелер болса, олар қара түске боялған, не қараңғыланған болуы тиіс. Су құбыры жүйесі бөлмесінде желдеткіш болу керек. Күн сәулесі желдеткіштің шығыстарынан кірмеуі тиіс. Су құбыры жүйесі бөлмесінде белгілі бір температура, ылғалдылық және өндіруші белгілеген параметрлер сақталуы тиіс.

2) Диализ концентраттарын дайындау және сақтауға арналған бөлме пайдаланылатын нұсқаудың техникалық талаптарымен айқындалады.

19. Суды тазарту жүйесіне қойылатын талаптар.

1) Суды тазарту жүйесі кемінде 5 бөліктен тұруы тиіс:

- алдыңғы сұзгі – алдын ала тазарту,
- мультимедиялық сұзгі (құм) және темірді тазартуға арналған мультимедиялық себу,
- қос ионды ауыстыруши (шайыр),
- кокостан жасалған түйіршіктелген активтендірілген көмір сұзгісі,
- үлгілерді алу нұктелері (алдыңғы тазартқыш және тазартылған су бір бірінен бөлек).

2) Су тазарту жүйесінде стандартты гемодиализ жүргізу үшін мыналар болуы тиіс: диализ машинасына тікелей қосылған қайта сору модульдері және ультра сұзгісі бар алдыңғы тазартқыш. Тазартылған суға арналған бөшкелер пайдаланылмағанда ультра күлгін заарсыздандыру модулі талап етілмейді.

3) Жүйеде пайдаланылған алдыңғы тазартқыштың блоктары айналыс болу керек, алайда қайта сору блогі айналыс болмау керек.

20. Резервуарға және суға арналған бөшкеге қойылатын талаптар.

1) Сумен қамтамасыз ету жүйесінің барлық резервуарларының қақпақтары жабық болу керек. Су жеткіліксіз болғанда немесе сумен қамтамасыз ету желісі нашар дамыған аудандарда шикі суға арналған бөшкелерді қою керек. Бөшкелер физикалық және химиялық әдістермен қындықсыз дезинфекцияланған болуы тиіс.

2) Бөшкелерді өндіруге пайдаланылатын материалдар бактарды өндіруге арналған суды ластамайтындей болып таңдалуы тиіс. Мынадай материалдар қолайлар: тот баспайтын құрыш, полипропилен, полиэтилен. Сонымен бірге суға арналған бөшке оқшауланған темір бетоннан дайындалуы тиіс. Шикі суға арналған бетон бөшкесі болса, ол азық-түлік қорларын сақтауға арналған плиткамен немесе материалмен жабылуы тиіс.

21. Су құбыры суын тазартуға қойылатын талаптар.

Екі негізгі блоктардан тұрады – алдын ала тазарту блогі және суды түпкілікті өндеуге арналған қайта осмостау блогі. "Алдын ала тазарту" элементтерінің комбинациясы кіретін судың (су құбыры) бастапқы сапасына байланысты белгіленеді және мыналарды қамтиды:

1) ірі механикалық қоспаларды жоюға арналған картриджді және құмgravинді сұзгілер;

2) қосымша себу, сондай-ақ жеке құрылғылар түрінде де құмды-гравинде мен бірге темірді жоюға арналған сұзгілер (темірден айыру су құбыры суында 0,3-0,5 мг/л артық ерітілген екі валентті темір болған кезде қолданылады);

3) хлор, токсиндерді және басқаларды жоюға арналған көмір сұзгілері;

4) тұзды судан (кальций және магний) иондарды жоюға арналған тазартқыш.

22. Қайта осмос блогі жартылай өткізетін мембрана арқылы үлкен қысыммен (14-20 бар) құрамында тұз және басқа да "алдын ала тазаррудан" қалып қойған су құбыры суының компоненттері бар концентратты алғып қалып, тек қана химиялық таза суды (пермеат) өткізеді. Суды тазарту сапасы иондардың құрамын көрсететін оның электр өткізгіштігі бойынша жүйеден шығар кезде бақыланады. Қайта жуу, "алдын ала тазарту" элементтерінің қайта қалпына келуі өндіруші – зауыт нұсқаулықтарына сәйкес бағдарламаланған интервалдармен автоматты режимде (қолмен қосу мүмкіндігі бар) жүзеге асыралады. Қайта осмос кіргендे және шыққанда параметрлерді, жуулардың шектері мен мүмкін циклдерін (оның ішінде күту режимінде) бақылайтын басқарудың электрондық блогімен орындалған. Суды тазарту жүйесі тазартылмаған, сонымен бірге таза суды жинау үшін сумен жабдықтауда болған іркілістер кезінде гемодиализ бөлімшесі жұмысына мүмкіндікті қамтамасыз ететін резервтік сыйымдылықты (1000 л. дейін) қамтиды. Суды тазарту жүйесі компоненттерін толық ауыстыру шығатын судың сапасына байланысты 3-5 жылда 1 рет жүргізіледі.

23. Суды тазарту жүйесін күту және бақылау.

1) Суды тазарту және суды беру жүйесінде қызмет көрсету сертификаты болу және өнім беруші фирма, техникалық қызмет көрсету сервисінің технигі орнатуы тиіс. Суды дайындау жүйесіне күтімді жүзеге асырып жүрген персоналдың аталған салада тиісті тәжірибесі болу керек.

2) Жабдықтарды күту кезеңділігін өндіруші белгілейді. Бактериялардың көбейіп кету және жүйенің өнімділігіне теріс әсер етуді алдын алу мақсатында қажеттілік болған кезде суды тазартуда қолданылатын карбондарды, қара майды және ауыстыруды тіркей отырып мультимедиялық сұзгілерді ауыстыру қажет.

3) Жөндеуден кейін суды тазарту жүйесін дезинфекциялау қажет. Қайта осмос блоктарындағы тексеру, жөндеуден кейін, содан кейін тазартылған сұы бар блоктарды дезинфекциялау қажет.

4) Әрбір үш айда таза су бөшкесіне және аппараттарға таза суды жіберіп тұратын құбыр жүйелері дезинфекцияланады.

5) Өндірілген тазартылған суды бақылау мақсатында диализ техниктері журналдарда мынадай нәтижелерді тіркеуі тиіс:

судың тұздылығы (тазартқышты бақылау) (үш айда 1 рет),

хлордың көлемі (үш айда 1 рет),

қышқыл-сілті құрамы (pH) (үш айда 1 рет),

тазартылған судың өткізгіштігі (күніне 1 рет).

24. Суды тазарту жүйесін тексеру.

1) Гемодиализ ертіндісін сұйылту үшін пайдаланылатын судың химиялық және бактериологиялық құрамын тексеру кезінде Еуропалық одақтың Фармакопеясы айқындаған шектеулерді 2-кестеге сәйкес басшылыққа алу керек;

2-кесте. Еуропалық фармакопея бойынша бактериологиялық заттардың ең жоғары деңгейі.

| | Дистиллирленген су | Диализдің ультра таза сұйықтығы |
|-----------------------------------|--------------------|---------------------------------|
| Микробтық ластанулар (КОЕ/мл) | " 100 | " 0,1 |
| Бактериялық эндотоксиндер (МЕ/мл) | " 0,25 | " 0,03 |

3-кесте. – Тазартылған суды ластайтын заттардың Еуропалық Фармакопеяның барынша жоғары деңгейі

| Су Еуропалық Фармакопеяның гемодиализ концентраты ертіндісін араластыру үшін пайдаланылды | | |
|---|-------------------|---|
| Параметрлер | Әдістер | Шектер |
| Қышқыл-сілтісі | Химиялық | Тестке сәйкес келеді |
| Тотығуы мүмкін заттар | Химиялық | Соответствие тесту |
| Хлордың жалпы құрамы | Химиялық | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 1 ppm (бөліктері)) |
| Хлорид | Химиялық | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 50 ppm (бөліктері)) |
| Фторид | Потенциометриялық | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 0,2 ppm (бөліктері)) |
| Нитрат | Химиялық | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 2 ppm (бөліктері)) |
| | | |

| | | |
|-------------------------|---|---|
| Сульфат | Химиялық | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 50 ppm (бөліктері) |
| Алюминий | Флуоресцентті спектрофотометр - Атомдық-абсорбционды спектрометрлер | (Барынша жоғары 10 μ g/l) |
| Аммоний | Химиялық | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 0,2 ppm (бөліктері)) |
| Кальций | Атомдық-абсорбционды спектрометрлер | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 2 ppm (бөліктері)) |
| Магний | Атомдық-абсорбционды спектрометрлер | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 2 ppm (бөліктері)) |
| Сынап | Атомдық-абсорбционды спектрометрлер - ICP-MS | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 0,001 ppm (бөліктері)) |
| Калий | Жалынды фотометриялар | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 2 ppm (бөліктері)) |
| Натрий | Жалынды фотометриялар | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 50 ppm (бөліктері)) |
| Цинк | Атомдық-абсорбционды спектрометрлер | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 0,1 ppm (бөліктері)) |
| Ауыр металлдар (куқірт) | Атомдық-абсорбционды спектрометрлер –химиялық әдіс | (миллионға шаққандағы) барынша жоғары, 0,1 ppm (бөліктері)) |
| Микробтық ластанулар | Құйылған пластин | (Барынша жоғары 100 КОЕ/мл) |
| Бактериалық эндотоксин | ЛАЛ (LAL) | (Барынша жоғары 0,25 МЕ/мл (ultra saf diyaliz suyu kullanelmasa durumunda 0,03)) |

2) Тазартылған судың химиялық қауіпсіздігін (үш айда бір рет) айқындау үшін 3-кестеге сәйкес Еуропалық Фармокопеяның ұсыныстарын ескеру қажет;

3) Бактериологиялық тексеру мемлекеттік немесе жеке лицензиялық зертханаларда үй айда бір рет жүргізілуі тиіс. Қандайда бір өнірде тексеру мүмкіндігі болмаса, толығымен қатыру және ерітусіз жеткізу шартымен басқа өнірге тексеруге жіберуге болады. Бактериологиялық тексеруді жүзеге асыру үшін жүйенің басты нүктелеріне судың сынауларын іріктеу клапандарын орналастыру қажет. Химиялық анализдер бақа өнірде де жүргізілуі мүмкін.

4) Су жүйесінен алынған бактериологиялық және химиялық талдаулардың нәтижелерін бақылауға диализ технигі жауапты болады.

5) диализдің бір блогынан алынған талдаулардың барлық нәтижелері кейінгі талдауларды жүргізу алдында жазылған және мұрағатталған болуы тиіс.

6) Қарапайым тексеру көмегімен диализ машинасына дейін жететін тізбекпен суды тазарту жүйесіне құн сайынғы бақылау жүргізілуі тиіс (қаттылық, откізгіштік, қысымның төмендеуі, pH, хлор).

25. Диализ концентраттары

1) Диализге арналған ерітінді диализатты дайындау үшін қажет. Диализат қышқыл және бикарбонатты ерітіндіні тазартылған сумен Ем-шараны жүргізу процесінде гемодиализ аппаратында араластыру арқылы жүргізіледі. Дайын ерітінділердің орнына сонымен бірге қатты концентраттарды (гранулдар, ұнтақ) пайдалануға болады.

ҚР өнірінде судың тұздылығы кең диапазонда түрленеді. Тұздылығы қатты су қүштейтілген тазартуды талап етеді. Егер су тазалаудан өткеннен кейін тұздылық < 60 PPM дейін жетеді, гемодиализге дайын ерітінді, құрғақ қоспалар ретінде де пайдалануға болады. Тазартылғаннан кейін судың тұздылығы > 60 PPM құрайды, онда дайын ерітінді пайдалану қажет.

2) Бикарбонатты ерітіндінің ашық канистралары сол күні пайдаланылуы тиіс, ашқаннан кейін келесі күні пайдаланылмауы керек.

3) Концентраттарды қаттап сақтау алаңы өндіруші белгілеген сақтау қағидаларына сәйкес келуі тиіс.

4) Ерітінділерді дайындау үшін миксерлер орнатылған орталықтарда мынадай ережелер белгіленуі тиіс:

дайын ерітінділер тесттен өтуі және химиялық және микробиологиялық құрам талдауынан өтуі тиіс;

өндіруші - фирма белгілеген жағдайлармен арнайы үй-жайлар бөлінеді;

күн сайынғы миксерді дезинфекциялау өткізу қажет;

бөлімшеде дайындалған ерітінді 12 сағат бойы пайдаланылуы тиіс.

5. ГД жүргізуге арналған аппаратура

26. ГД жүргізуді қамтамасыз ету үшін төмендегілерді қамтитын аппаратура кешені қолданылады:

су құбыры сүйн тазарту жүйесі,

“жасанды бүйрек” аппараты бұдан әрі – ЖБ аппараты).

“ЖБ” құрделі инженерлік құрылды, мыналарды қамтиды:

1) электрондық платаларды және монитормен басқару және бақылау блогі;

2) диализдейтін ерітіндіні дайындау және айналдыруды, ультра сұзгілеуді жүзеге асыратын гидравликалық жүйе;

3) арнайы модульдер: қан сорғыштары, гепариндік сорғыш, ауаны ұстап қалу блогі, қосымша опцийлар (артериялық қысымды өлшеу блогі, қан көлемін және температурасын мониторингілеу, субституат сорғышы, бір инелік диализге арналған сорғыш).

28. “ЖБ” аппараты қанды уремиялық токсиндерден тазартудың, су-электролит және қышқыл-негізгі құрамының теңдігін бақыланатын үдерісін жүзеге асырады. Қанды тазарту үдерісін басқару қан перфузиясының параметрлерін және диализатордағы диализатты, ультра сұзгінің жылдамдығы

мен көлемін, химиялық таза суды және концентратты араластырудың тепе-тендігін, диализ температурасын таңдау арқылы қол жеткізіледі.

29. Қазіргі заманғы "ЖБ" аппараттарында жұмыс істеу режимі пациенттің жағдайына байланысты сеанс алдында оператор айқындайды және белгілейді және бүкіл Ем-шара бойына ауыстырылуы мүмкін. Параметрлер қауіпсіздік жүйесінің белгіленген шектерден асқан кезде диализ процесі тоқтатылады, "ЖБ" аппаратымен жарық және дыбыс сигналдары беріледі.

6. Шығыс материалдары

30. ГД сеансын өткізу үшін қажетті шығыс материалдарына мыналар жатады: диализатор, артериалық және веналық қанды өткізетін магистралдер, артериалық и веналық фистуль инелері, диализирлейтін ерітінділер. ГД арналған шығыс материалдар өндірістік әдіспен шығарылады және сеанстан кейін жоюға жататын бір реттік компоненттерге жатады.

31. Диализаторды таңдау. Гемодиализатор (диализатор) – тікелей қанды токсиндерден тазарту және су - электролит тенденция, қышқыл - негізгі жағдайды түзету процесі жүргізілетін салмақты ауыстыратын (буферлік жүйелер) құрылғы. Диализатор мембранасын таңдау кезінде синтетикалық мембраналар жақсырақ, дисэквилибриум синдромды болдырмау үшін алғашқы диализдерді өткізгіштігі төмен сұзгілерде өткізген дұрыс. Диализді бастау уақытында гипотонияның қаупі болған кезде АҚ қолдау үшін бірқатар жағдайларда контурды ерітінділермен толтыру талап етіледі (қанның компоненттері және препараттар, қанды алмастырушылар). Жүйеге қанды жинау кезінде (өте баяу!) бір уақытта толтырылған контурдан алмастырушы ерітінді науқастың тамырына енгізіледі. Берілген шамаларға дейін перфузиялар жылдамдығын ақырын ұлғайту орынды.

32. Диализатор мембранасының оңтайлы алаңын таңдау пациенттің дене салмағына негізделеді. Негізгі ГД физика-химиялық процесстер болып табылады - диффузия және конвекция (ультра сұзгі), жылдамдығы мен дәрежесі жартылай өткізетін диализді мембрана түріне, оның активті бетіне және қан ағу жылдамдығына байланысты. Ішінде науқастың қаны өтетін, ал сыртында диализ ерітіндісі айналатын бос талшықтардан тұратын капилляр диализаторлары пайдаланылады. Осы капиллярлар қабырғасынан ультра сұзгісі бар диффузия жүзеге асырылады, бұл бұдақтың табиги базалық мембранасының функциясына ұқсайды. ГД сеансының тиімділігі мен қауіпсіздігі дене салмағы, артериалық қысым шамасы, уремиялық интоксикацияның және басқа да клиникалық - зертханалық көрсеткіштердің көрінісі бойынша айқындалған жеке сұрыпталған диализаторға байланысты. Диализаторды таңдау кезінде 4-кестені басшылыққа алу ұсынылады.

4-кесте. Кейбір диализаторлардың сипаттамалары

| 1 m^2 | V, мл | Кем дегенде мл/мин клиренстер | | | | | Практикада қолдануға айғақтар |
|------------|-------|-------------------------------|-----------|--------|-----------------|------------------------|--|
| | | Несеп | Креатинин | Фосфор | Цианокобал амин | КУ, сағ/мл х мм рт.сок | |
| 0,3-0,5 | 5 | 25 | 95 | 0 | 20 | 1,7 | 40 кг дейінгі дене салмағы бар балалар, жасөспірімдер |
| 0,6-0,8 | 5 | 55 | 25 | 5 | 30 | 2,8 | 60 кг дейінгі дене салмағы бар пациенттер, БЖЖ бар адамдар |

Қысқарту: 1 – мембранның бетіндегі аумақ, m^2 ,

2 – қанның толтырылу көлемі, мл,

УК – ультрафiltrация коэффициенті (минутына 200 мл қан айналған, минутына

500 диализат ақсан кезде).

33. Қазіргі заманғы диализаторлардың тиімділігі диализдейтін мембранның түріне де байланысты. Гемодиализдің қарапайым сеанстары салмақты көтерудің салыстырмалы тәмен коэффиценті бар жартылай өткізетін мембраналарда (K0A 300-600) – тәмен ағынды мембраналарда өткізіледі. Қарапайым жартылау өткізетін мембраналардан нашар өтетін ортамолекулярлы токсиндер класы организмінде қорландырумен байланысты бірқатар асқынулар дамыған кезде K0A 600-ден жоғары өткізгіштігі жоғары мембраналары бар диализаторларда пайдаланылады. Бұл ретте қанды эндотоксиндермен бірігуін болдырмау үшін берілетін суды қосымша сүзгілеу, сондай-ақ қатаң бақыланатын ультра сүзгілеу жүзеге асырылатын "ЖБ" аппаратының үлгісі міндетті шарты болып табылады, ол сүйиқтықты шамадан тыс жоғалту және қайта сүзгілеудің алдын алады. Диализатор, қанды өткізетін магистралдер және фистуль инелері ТБСЖ бар науқастардың өмірі ұзақ сүйемелдеуге арналған бір ретік элементтер болып табылады. Емдеуді дұрыс ұйымдастырған кезде жыл бойына әрбір пациент кемінде гемодиализдің 156 сеансын алуы тиіс, аталған материалдарды сатып алуға есепті осы көлемнен есептеледі, яғни, бір науқасқа жылына 156 жинақ.

1) қанды өткізетін магистральдар – пластикалық құбыр желілері, олардан науқастың организмінен қан диализаторга жіберіледі, онда қан тазартылады,

және қан айналым арнасына қайта келеді. Магистральдің екі түрі бар – артериялық (қызыл таңбалау) және веналық (көк таңбалау).

2) артериялық магистраль – оның айрықша ерекшелігі науқастың тамырларынан қанды "ЖБ" аппаратының перфузиялық сорғышының роликтерінің көмегімен диализаторға ауыстыруды жүзеге асыруға арналған силикон резенкеден жасалған ролик сорғышының астына қойылатын қоспаның болуы сорғыш сегменті). Ересектерге арналған магистральді толтыру көлемі 150 мл. Аспауы тиіс. Кейбір артериялық магистральдарда субституат беруге, дәрілік препараттарды енгізуге, гепаринизация әне қысымды өлшеу үшін тар түтіктерден жасалған қосымша қапталдық қоспалары бар.

3) веналық магистральдің айрықша ерекшелігі диаметрі 22-30 мм көбікті өшіру камераларының – ауаның науқастың қан жүйесіне енуінің алдын алатын ауаны ұстағыштың болуы болып табылады. Камерада бір уақытта "веналық" қысым (диализатордың қанды өткізетін контурындағы қысым) өлшенеді. Артериялық магистральда веналық магистральдағыдай субституатты беру үшін және дәрілік препараттарды енгізу порт болуы мүмкін.

4) фистуль инелері – артериялық және веналық магистральдармен біріктіру үшін пластикалық бұрулары бар перифериялық тамырларды пункциялауға арналған болат инелер. Артериялық иненің ерекшелігі тамырдың қабырғаларына сорып алудың алдын алатын фистулдың артериялық бөлігінен қанды толығымен алу үшін қосымша жанама саңылауының болуы. Веналық иненің тек қана орталық саңылауы болады. Тамырлардың саңылауында бекітуді жеңілдету үшін инелер пластикалық "қанаттармен" жарақтандырылады. Фистуль инелерінің екі түрлі түсті таңбалары бар: қызыл – артериялық инелер, көк – веналық.

5) диализдейтін ерітінді – бағдарламалық гемодиализдің басты компоненттерінің бірі, оның көмегімен қанды жартылай өткізетін диализатор мембрanaсы арқылы уремиялық токсиндерден тазарту жүргізіледі. Оның құрамына натрий хлориді, калий хлориді, кальций хлориді, магний хлориді және буфер негіздемесі бар. Диализаторда аталған ерітіндіні дайындау және айналдыру қазіргі заманғы "ЖБ" аппаратымен жүзеге асырылады және бақыланады. Қазіргі уақытта стандартты көбейту үшін мынадай арақатынас қолданылады: тұздар концентратының 1 бөлігі және суды дайындау жүйесінен алынған судың 34 бөлігі.

34. Бикарбонат буфері бар диализ ерітіндісін дайындау үшін кальций бикорбонатының ерімейтін тұнбасының жиналуын болдырмау үшін екі концентрат қолданылады – қышқыл және сіltі, олар міндетті таңбаланатын екі жеке канистраға құйылады (қызыл таңбалау – қышқыл компонент, көк – бикорбонатты), сондай-ақ бикорбонатты компонент құрғақ ұнтақ – картридж түрінде болуы мүмкін. Концентратты және бикарбонатты сумен араластыру және

диализ ерітіндісін дайындау тікелей "ЖБ" аппаратында өткізіледі. Стандартты түрде бөлгендे ол мынаны құрайды: сұйық қышқыл концентраты 1,0 л., натрий бикарбонатының ерітіндісі 1,225 л 8,4% және тазартылған су 32,775 л. Бір диализ сеансына концентрат пен бикорбонат шығыстарын есептеген кезде тікелей диализ Ем-шарасының уақытын ғана емес сонымен бірге дайындауға кететін уақытты, өзін өзі тестілеу, пациентке қанды қайтару рәсімін аяқтауды, сондай-ақ басқа да факторларды ескеру керек (жоғары ағынды диализ кезінде диализ ерітіндісінің ағынын ұлғайту, диализ уақыты, бактериялық өсімді болдырмау үшін жана ғана дайындалған сұйық бикарбонатты міндettі түрде пайдалану), ол концентрат шығыстарын 10-15% ұлғайтады. Диализдің бір сеансына шамамен 5 л қышқылды және 6,2-6,6 л бикарбонатты компонент талап етіледі. 5-кестеде стандартты бикарбонатты диализдеуші ерітіндінің құрамы келтірілген.

5-кесте. Стандартты бикарбонантты диализдеуші ерітіндінің құрамы

| Компоненттер | Құрамы, ммоль/л |
|------------------------------|-----------------|
| Натрий | 135-145 |
| Калий | 0-4,0 |
| Кальций | 1,25-1,5-1,75 |
| Магний | 0,5-0,75 |
| Хлор | 98-124 |
| Бикарбонат | 26-40 |
| PCO ₂ (мм рт.ст.) | 40-110 |
| pH | 7,1-7,3 |

35. Барлық қазіргі заманғы аппараттар бикарбонатты диализді өткізу үшін құрғақ сумен картриджді пайдалануға икемделген, бұл ретте концентраттың қышқыл бөлігі әдеттегідей сұйық түрде қолданылады. Диализ машинасының гидравликалық жүйесі осы жағдайда дозаланып патронның бикарбонат ұнтағын су тазартудағы сумен ерітеді және канистрадағы бикарбонаттың орнына араластыру жүйесіне береді. 14,0 mS диализдеу ерітіндісін стандартты өткізу және 30-32 ммоль/л бикарбонаты кезінде Na⁺ құрамы 137-138 ммоль/л құрайтын болады. әрбір сеанста "ЖБ" аппаратындағы өткізгіштік көрсеткіштерін және температураны қатаң қадағалау, осы параметрлерді жеке әрбір науқасқа таңдау және ауыстыру қажет.

7. Қан-тамырлы қолжетімділік

36. ГД әдісімен қанды тазарту сеансын өткізу науқастың қан айналым жүйесіне қолжетімділіктің болуын талап етеді, оның мәні диализатордан өтіп қайта организмге келу үшін қанның жеткілікті көлемін алуда. Диализатордан көп қан тазартудан өтсе, диализ тиімді өтеді.

37. ГД қамтамасыз ету үшін уақытша және тұрақты тамырлы қолжетімділік бар. Алғашқылары қауіп туғызатын жағдайлар кезінде аппаратураға науқасты жедел қосу үшін қолданылады немесе тұрақты қолжетімділікті пайдалану жеткіліксіздігі, екіншісі – ұзақ уақыт ішінде науқастардың қанын барынша тазартуды қамтамасыз етеді.

38. Негізгі уақытша қолжетімділік қанды жинауды және оны тазартылғаннан кейін диализаторға қайтаруды қамтамасыз ететін арнайы бір – немесе екі екісаңылауы бар катетерлермен магистраль тамырларын катетерлеу болып табылады. Сельдингер әдісі бойынша орталық тамырларға катетерлерді орнату әдісі барынша тараплан. Сан тамырларын (донор бүйрекін транспантациялауды жоспарлау кезінде жол берілмейді) және ішкі яремдік тамырларды катетерлеу қолданылады. Соңғы әдістің айтартлықтай басымдылығы бар, себебі тамырларды стенозирлеуге келеді және қан ағынының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Магистраль тамырларын катетерлеуге арналған катетерлер арнайы стерильді жинақтар түрінде өндірістік әдіспен шығарылады, оған катетерлердің өзі және қосымша құрылғылар кіреді: өткізгіш-ішеу, пункциялық туннелді кеңейткіштер, пункциялық инелер, скальпель, тігу материалы, бұл барынша қысқа мерзімде тамырға қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша манипуляцияларды жүргізуге мүмкіндік береді.

39. Ұзақ диализаторға арналған перманентті катетерлер бар. Олар пациентте АВФ тромбозы, төмен АҚ болған жағдайда, ГД үшін тұрақты қолжетімділікті қалыптастыруға жол бермейтін перифериалық тамырларының аз калибрінде қолданылады. Перманентті катетерлердің айрықша ерекшелігі олардың бетінде дакрондық манжеттердің болуы болып табылады, олар тері асты туннелінде катетерді ұстап және оның ложасын індеп жүқтыврудың алдын алумен орналастырылады. Бұндай катетерлер дұрыс гигиеналық күтім және саңылауды коагулянтқа қарсы ерітіндімен тұрақты жуу кезінде бірнеше жыл бойы жұмыс істей алады.

40. ГД арналған АВФ – "ЖБ" аппараттарына қосуға арналған тамырлы қолжетімділіктің негізгі түрі. Артериялық - веналық саустий тамырларының аяқ-қолдарда жұмыс істеу негізіне салынған қағидат артериядан венага қанды тұрақты құюды құрудан туралды, ол тромбының қалыптасуының алды алады және "ЖБ" аппаратында тазарту үшін қанды тұрақты және жоғары көлемді алуға мүмкіндік береді. Таңдай әдісі сәулелі артерия және басты вена арасындағы жіліншіктің төменгі тұсында АВФ болып табылады. Қысқа уақыт ішінде (3-4 апта) саңылауын кеңейтумен, қабырғаларын қалыннатумен басты венаны артерияландыру жүргізіледі. Бұндай саустье арқылы өтетін қанның көлемі 500 мл/мин жетеді және одан да асып түседі. Артерияланған венаның бөліктері екі фистуль инелерімен қанды ал және диализаторда тазарту процесінен кейін оны

қайтару үшін үздік-үздік етіп сзылады. Эртүрлі локализация веналарын артерияландыру қағидатын пайдаланумен басқа да тамырлы қолжетімділіктер қолданылады. Қол-аяқтарда негізгі веналарды үздік-үздік сзыу үшін веналық аутотрансплантаттар қолданылады, мысалы, санның үлкен тери асты венасынан ілмек ретінде орнатылатын немесе тікелей ірі артерия және вена арасындағы көпір. Тамырлы трансплантант ретінде ұзақ уақыт бойына үздік-үздік сзыуға және бағдарламалық гемодиализді жалғастыруға болатын арнайы синтетикалық протездер қолданылады. Кез-келген әдіс бойынша АВФ қалыптастыру микротамырлы техниканы пайдаланумен операция бөлімшесінде стерильді жағдайда жүргізіледі (лупа немесе микроскоп, микротамырлы атровматикалық инелер және құралдар). 3-4 апта ішінде фистуль инелерімен көп рет үздік-үздік сзыу үшін жарамды болатын венаны артериализациялау болады. Кейде, науқас жағдайы нашарлағанына байланысты ерте кезеңде АВФ үздік-үздік етіп сзыу керек, алайда, бұл қан кетуге, анастомоз тромбызына және басқа да қауіпті асқынуларға әкелуі отыр.

6-кесте.

| | |
|---|---|
| Қан тамырлық өтулердің түрі | Колдануға арналған айғак |
| Екі саңылаулы катетр (бұғаналық, жармалық, сан тамыры) | БЖЖ бар, уланған балалар мен ересектер, емдеудің сулы кезеңіндегі ТБСЖ бар науқастар |
| Перманентті манжеттері бар екі саңылаулы катетр | Артериялық-веноздық фистулдарды пайдалану мүмкін емес ТБСЖ бар науқастар (төмен АҚ, гиперкоагуляция, ушықтырғыш тромбоздар, жүрек-қантамыр функциясының жетіспеушілігі, диабетиктер) |
| Үшінші төменгі иық үстіндегі Артериялық – веноздық фистула | ТБСЖ бар науқастардың негізгі көпшілігі |
| Иық пен сирактагы қубиталды шиеленіскең Артериялық – веноздық фистула | Төмен АҚ, перифериялардағы қантамырлық жүйенің қанағаттандырмайтын желісі бар ТБСЖ бар науқастар (диабетиктер, 20-30 кг дене салмағы бар балалар, егде пациенттер), тромболық асқынуларға бейім адамдар |

41. Осыған байланысты гемодиализдің жедел сеанстарын магистраль веналарының бірінде сыртқы катетер арқылы өткізу қажет. АВФ қалыптастыру бұл ретте жоспарлы түрде жүргізіледі және олардың артариализациясына мерзім беріледі. Тек содан кейін тамырларға қолжетімділіктің пункциялық әдісін пайдалануға ауысуға, содан кейін венадан катетерді алып тастауға болады. 6-кестеде ОПН және ТБСЖ бар науқастардың әртүрлі санатында ГД арналған әртүрлі тамырлы қолжетімділікті пайдалануға арналған көрсетілімдер келтірілген.

8. Гемодиализ емшараларына қойылатын талаптар

42. ГД рәсіміне ТБСЖ бар науқасты "ЖБ" аппаратына қосу талап етіледі. Алдын ала пациентте тамырлы қолжетімділік түрлерінің бірі дайындалады – сыртқы катетер орнатылады немесе тері асты АВФ қалыптастырылады. ГД ем-шаралары науқас төсекте жатқанда немесе аяқ-қолдарын АВФ бекітумен шынтақшасы бар креслода жартылай отырғанда жүргізіледі. "ЖБ" аппараты тікелей науқастың төсегінің немесе креслосының жаңында орналасады. Диализ орны электрді жүргізумен, істен шыққан диализ ерітіндісін төгу үшін канализациялық жүйемен және суды дайындау жүйесінен химиялық таза су магистралімен қамтамасыз етіледі.

43. Ем-шара алдында тікелей диализ ерітіндісінің концентраты дайындалады және тиісті таңбаланған канистраларда "ЖБ" аппаратына жеткізіледі. ГД басталар алдында аппарат аппаратураның барлық блоктарының дайындығын тексеруді қамтамасыз ететін белгіленген бағдарлама бойынша міндетті автоматты тестілеуден өтуі тиіс.

44. Әрбір Ем-шарадан кейін "ЖБ" аппаратының сыртын гигиеналық өндеуді жүргізу, гидравликтерді дезинфекциялау (декальцификация) қажет.

45. Науқасты "ЖБ" аппаратына қосу және сөндіру кезеңдері. Науқастың тамырларын "ЖБ" аппаратына қосу асептикалық жағдайларда жүргізіледі. Осы мақсаттарда антисептикермен өнделген аяқ-қолдарға АВФ-дан стерильді жаялыш салынады, фистуланы инелермен пункциялағаннан және оларды "ЖБ" аппаратының магистральдарымен біріктіргеннен кейін тамырлы қолжетімділік участкесі жабылады.

46. Диализатор ұстағышта затбелгідегі жазба оқу үшін қолжетімді болатындей тігінен орналастырылады. Диализдеуші ерітінді контурынан ауа шығарылғаннан кейін диализатор 180^0 аударыстылады және қан және диализ ерітіндісі қан ағыны бойынша жылжитындей қанды өткізетін магистральдерге қосылады.

47. Қан айланым контурын алдын ала дайындау диализар мен магистральді натрий хлорының 0,9% ерітіндісімен диализаторды пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкес толтыру болып табылады. Ол үшін артериялық магистраль 0,9% натрий хлорының стерильді 1 л ерітіндісінің шишиасына немесе қапқа қосылады.

48. Перфизиялық сорғыш қосылады және 150-180 мл/мин жылдамдықпен ерітінді артериялық желі арқылы ішінен ауаны шығара отырып, диализатордың қанды өткізетін контурына келе бастайды. Ауаны шығаруды жеңілдету үшін артериялық магистральдің қысқа қысылуын жүзеге асыру керек.

Зарарсыздандыратын заттар мен пластификаторлардың қалдықтарын жою үшін алғашқы 300-500 мл төгіп тастау керек. Бұнымен болуы мүмкін анафилактоидты реакцияларды профилактикалау қамтамасыз етіледі.

49. Магистральдерді ерітіндімен толтырылған және алғашқы өлшем төгілгеннен кейін перифиялық сорғыш және веналық магистральді шишаға немесе натрий хлорының 0,9% ерітіндісі бар қапқа қосу тоқтатылады. Осылай 10-15 минут ішінде жүйедегі ерітіндінің кері айналуы қамтамасыз етіледі.

7-кесте.

| Гемодиализ ұзақтығы | Гемоглобин < 100 г/л | | Гемоглобин > 100 г/л | |
|------------------------|----------------------|------------|----------------------|------------|
| | болясты | дозаланған | болясты | дозаланған |
| 4 сағат | 5000 ЕД | 5000 ЕД | 6000 ЕД | 6000 ЕД |
| 5 сағат | 6000 ЕД | 6000 ЕД | 7000 ЕД | 7000 ЕД |

Гепаринге жеке төзбеушілік болған кезде төмен молекулярлы қатардағы препараттар - надропарин, дальтапарин, эноксапарин қолданылады (8-кесте).

8-кесте.

| Гемодиализ ұзақтығы | Надропарин | | Дельтаперин | | Эноксапарин | |
|------------------------|------------|------------|-------------|------------|-------------|------------|
| | болясты | дозаланған | болясты | дозаланған | болясты | дозаланған |
| 4 сағат | 03мл | 0,6мл | 2500 ЕД | 5000 ЕД | 0,2мл | 0,4мл |
| 5 сағат | 0,6мл | 0,6мл | 5000 ЕД | 5000 ЕД | 0,4мл | 0,4мл |

50. Магистральдер мен диализаторларга пациенттің қанын одан әрі толтыру зарарсыздандырылған физиологиялық ерітіндімен мүқият жуғаннан және қанды өткізетін контурдан ауаны шығарғаннан кейін жүзеге асырылады.

51. Антикоагуляция (гепаринизация) пациенттің ұю жүйесіне, дene салмағына, қан кетудің жасырын ошақтарының жағдайын ескере отырып жүргізіледі. Дозаның бір бөлігі (5000 ЕД) болусті енгізілетін дозалық гепаринизацияға айрықша көніл бөлінеді, қалғаны бүкіл диализ бойына гепариндік сорғыш арқылы дозамен енгізіледі (7-кесте).

52. Науқасты "ИП" аппаратына қосқан кезде, гемодиализді жүргізетін дәрігер қан ағу жылдамдығының (150-350 мл/мин), диализдеуші ерітіндінің ағынын (500 мл/мин), диализдеуші ерітіндінің өткізгіштігі мен температурасын (36-38⁰), ультра сұзгінің уақыты мен көлемінің параметрлерін белгілейді. Ультра сұзгі көлемі ағымдағы және құрғақ салмақ арасындағы айырмашылыққа байланысты белгіленеді, ол пациентті Ем-шараға дейін және кейін өлшеу арқылы айқындалады.

53. "ИП" аппараты толығымен жұмысқа дайын болғаннан кейін (бастапқы тесттен өткен, қанды өткізетін контур толық және натрий хлорының 0,9% ерітіндісімен жуылған, қан контурынан және ерітіндін диализдейтін контурдан

аяу шығарылған) асептикалық жағдайларда пациентті қосу жүргізіледі, ол қанмен жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін талаптарға сәйкес жүргізуі тиіс.

54. Артериялық-веноздық фистула пункциясы. Пункция тері бетінен шамамен 30 градус жерден төмен кесумен фистульді инемен жүзеге асыралады. 45 градус жоғары кескен пункция кезінде фистула саңылауына түскеннен кейін инені тамырдың артқы қабырғаларын зақымдауды алдын алу үшін 180 градусқа осі бойынша бұру қажет. Бір тесікке қайталап пункция жасаудан аулақ болу керек, бұл аневризмді болуына, сондай-ақ теріні және тамырды тікелей тесуге алып келеді (теріні тескеннен кейін ине тері асты өзегіне, содан кейін тамырға кіруі тиіс). Артериялық ине (қан жинау) мүмкіндігінше қан ағынына қарсы орналасуы тиіс, веналық (қанды қайтару) – керісінше, қан ағыны бойынша. Инелердің арасындағы арақашықтық 2 см аспауы тиіс, бұл айналымның бұзылуын және қан тазарту сапасының нашарлауының алдын алады. Екі саңылауы бар қанды жинау және қайтару диализ катетерін пайдаланған кезде катетердегі коннекторлердің таңбалануына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс: қызыл – артериялық, көк – веналық.

55. Антикоагулянты болусті енгізу веналық инеге пункциядан кейін жүргізіледі (немесе катердің веноздық бұрылышына), енгізуді дозалау магистральдерді қанмен толтырумен бірге басталады. Артериялық магистраль артериялық инемен біріктірілгенен кейін қаның сорғышы қосылады және жылдамдығы 150-180 мл/мин аспайтын жылдамдық кезінде пациент қан магистралі және диализатор жүйесінен натрий хлорының 0,9% ерітіндісін шығару басталады. Натрий хлорының ерітіндісі веналық магистральдің дистальді бөлімі қанмен боялғаннан кейін шығарылады (қазіргі заманғы аппараттар ауаның веналық торына төмен арнайы детекторы бар), содан кейін қан сорғышы тоқтатылады, веналық магистраль тығылады және веналық инемен біріктіріледі.

